

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ**

Факультет деканы:

_____ Турдыбаев Қ
« _____ » _____ 2014ж.

**5220100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Ибадуллаева Маралдың
«Б.Соқпақбаев- балалар әдебиетінің классигі» тақырыбындағы**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

**Түркі филологиясы
кафедрасының меңгерушісі**

проф.Қ.Оразымбетов

Ғылыми жетекшісі:

_____ **асс. Ш.Смамутова**

_____ **Г. Адилова**
« _____ » _____ **2014ж.**

НӨКІС-2014 ЖЫЛ

Мемлекеттік аттестация комиссиясының

ҚАУЛЫСЫ:

**5220100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының бітірушісі Ибадуллаева Маралдың
«Б.Сокпақбаев- балалар әдебиетінің классигі» тақырыбындағы бітіру-
мамандық жұмысына**

« _____ » балл қойылсын

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

Б.Соқпақбаев- балалар әдебиетінің классигі

Жоспары:

Кіріспе.

Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу

Негізгі бөлім.

I Б.Соқпақбаевтың ақындығы

II Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған повестері

III Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе.

Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу

Қазақтың белгілі жазушысы Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда, Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген.

Бердібектің әкесінің аты – Ыдырыс. Ыдырыс Аманбайдың үлкен ұлы. Аманбай ақсақал өзінің кіші інісі Соқпақбайды кішкене кезінен бауырына салып бала етіп алады. Соқпақбайдың ғұмыры қысқа болып, онан Сатылған атты жалғыз ұл қалады, соңынан әйелі Әпсетті әмеңгерлік жолымен Ыдырысқа қосады. Әпсет – Ыдырыстан Бердібекті дүниеге әкеліп, Сатылғанға серік болсын деп оны Соқпақбаев етіп жаздырады.

Әкесі Ыдырыс, жазушының өз шығармаларында айтылғандай қой аузынан шөп алмас момын, Адам баласына ешбір жаманшылығы жоқ, өзін біреу қатты ренжітсе де сол адамға ренжіп көрмеген пәк көңілді кісі екен. Анасы – Әпсет еті тірі, өнерге жақын адам болса керек. Бірақ Бердібек анасынын тіпті жастай жетім қалады.

Оның сегіз жастан шешесінен жетім қалып, ең бір ауыр кезең – сонау колхоздастырудың алғашқы жылдарынан басталған жалаңаяқ, қаратабан балалықтан жігерлі жігіттікке жеткенше көрген де басынан өткізген қиындықтарды көптеген шығармаларына арқау етті, жасынан шабандоз атанып, ат құлағында ойнауы «Бурыл ат» сияқты өлмес шығармасын туғызды.

Жазушылық жолына біржолата бағыт бұрып, ана тілін қатты қадірлеуіне Мұхтар Әуезовтей ұлағатты ұстаздарынан дәріс алуының үлкен септігі тиді. Бердібек Соқпақбаев ҚазПИ-дің филология факультетінде оқып жүргенде, жігерін одан әрі шыңдап, спортпен бел шеше, білек сыбана айналысты. Жеңіл атлетикадан бірінші разряд алып, жүз метрге жүгіруден институт чемпионы да атанған. Оның спортқа деген

сүйіспеншілігі мұнымен де шектелмейді. Виктор Матвеевич Зимин тәрізді альпинист ұстазының қасына еріп, қар жамылып, мұз жастанып, Алатаудың алып тұлғалы шыңдарына өрмеледі.

Қазақ прозасының соңғы жиырма жыл ішінде көркемдік деңгейінің өскендігін, реалистік қуатының күшейгендігін бір сөзбен профессионалдық мәдениетінің артуына айтқан кезде тиянақ болар дәлелдің бірі – белгілі қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың шығармасы. Бұл қаламгердің ең алдымен өмір шындығын пір тұтуы, көрген, сезген, бойына етене объектіне ғана туындысына арқау етуі, адам характерлерін даралап алуы, әсіресе бала, бозбала психологиясын жетік білуі, көркемдік құралдардан пайдаланудағы өзіне тән ықшамдылық, жинақылықты ықтияттайтын шеберлігі оның шығармаларын басқа ұлт оқырмандарына да қымбат етіп отыр.

Б.Соқпақбаевтың алғашқы жинағы 1950 жылы басылды. Ол балаларға арналған өлеңдерден құралған еді. Қазақ әдебиетінде бұрын шын балалар әдебиеті онша дами қоймаған-ды. «Балаларға арналады» деген шығармалардың өзі балалар туралы үлкендердің көзімен суреттелеті туындылар болатын. Балалар характері, бала психологиясы дегенге онша мән беріле бермейтін. Балаларға арналған өлеңдердің жаттауға ыңғайы ойнақылығы, ырғағы, ой тапқырлығы ескеріле бермейтін. Алғашқы өлеңдерімен-ақ Бердібек соқпақбаев осы олқылықтың орнын толтыруға қызмет етті. Оның «Бұлағында» шын мағынасындағы кіші мектеп жасындағы балаларға ылайық жырлар мол еді.

Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын 1949 жылы бітірген соң Нарынқол ауданында мұғалім болып жұмыс істейді. "Жұлдыз", "Балдырған" журналында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарады. 1950 жылы "Бұлақ" өлеңдер жинағы, 1952 жылы: "Он алты жасар чемпион", 1953 жылы: "Бақыт жолы", "Алыстағы ауылда", 1960 жылы "Балалық шаққа саяхат", "Дала жұлдызы", "Аяжан", 1965 жылы

"Гауһар" повестерін жазды. 1957 жылы «Менің атым Қожа» кітабы балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. 1963 жылы «Қазақфильм» студиясы сол кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды. 1965 жылы "Балалық шаққа саяхат" атты повесі бойынша жазылған киносценарийі де фильмге түсірілді. 1967 жылы "Менің атым Қожа" фильмі француздың Канн қаласындағы жастар мен балаларға арналған кинофильмдердің халықаралық фестивалінде арнайы сыйлыққа ие болды. Б.Соқпақбаев "Бозтөбеде бір қыз бар", "Әпенденің айласы", "Менің атым Қожа" т. б. драмалық шығармалар жазды. Б.Соқпақбаевтың қырқыншы жылдардағы жастар өмірінен жазған "Өлгендер қайтып келмейді" романы (1940-1974) орыс тіліне аударылып басылды.

Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастап, «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының белсенді авторы болды. «Бұлақ» деп аталатын өлең жинағын поэзиямыздың кәусар бұлағы іспеттес жырлар шоғыры болатын. Өкініштісі, осы жыр жинағынан соң басқалай жыр кітаптары жарық көрмеген. Ақынымыз жазушылыққа бүтіндей ауысып кетті. Кейіннен балалар мен жасөспірімдерге арналған прозалық шығармаларын жазды. Оның балаларға арнап жазған туындылары балалардың ғана емес, үлкендердің де сүйіп оқитын шығармаларына айналды.

1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде жазушының сценарийі бойынша қойылған «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болғандығын айтып өттік, бірақ жазушы шығармашылығы сырт елдерде дүркіреп табыстарға жетіп жатқанда, өз елімізде оны қолдаушылар аз болды. Ол тек балаларға арнап шығармалар жазып қойған жоқ, сонымен қатар жасөспірімдерге арнап «Бозтөбеде бір қыз бар» атты пьесасы да сәтсіз деп айталмаймыз.

Демек, жазушы драматургия саласында да қаламын сынап көрген ізденімпаз қаламгер екенін білеміз. Аталған роман, повестері өз алдына жеке кітап болып және тағы басқа да жиырмаға жуық кітаптары баспадан шықты.

Шынайы да шыншыл суреткер көркемдік әлемінің азаптарын бастан кешкен кезде ғана, бір белестен екінші белеске сәтті көтеріле біледі. Демек, екінші сөзбен айтқанда, болашақ шығарманың да жұлдызы жарық болады. Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Қайдасың, Гауһар?» повестері мен «Өлгендер қайтып келмейді» романы осындай биік талғамның, көркемдік әлемінің сәтті туындысы болды. Бұл шығармаларда тек жазушы Бердібек Соқпақбаевқа ғана тән тапқырлық пен тиянақтылық, суреттеу құралдарының дәлдігі, кейіпкер әрекетінің табиғилығы, сезім арпалысының сенімді суреттері «мен мұңдалап» тұрады. Біз Бердібек Соқпақбаев шығармаларын Сэллинжер мен Беллге қарсы қоюдан аулақпыз. Біз ік айтпағымыз, Бердібек өз шығармаларына әдеби үлгілерден емес, өмірдің өзінен келгендігі...

... Б. Соқпақбаев – бірінші жақпен жазуды мықтап меңгерген жазушы. Мұның өзі оқиғаға өмірде болған қилы-қилы құбылыстарға сенімділікті, жазушының нақтылы оқиғаға тікелей қатысып танытады. Соқпақбаевтың «мені» маған қан-сөлі тамып тұрған өмір, бәріміз тіршілік етіп жүрген жер бетіндегі үлкенді-кішілі адамдардың әрекеті, болмаса қуаныш-күйініші боп көрінеді...

... Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы. Т.Ахтанов: «Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі...

... Қожа бейнесі қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен

тайталаспай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргеннің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!» [1] деген болатын. Ал, Қастек Баянбаев: «Саясаттан сая іздемей, ресми идеологияны ықтамай өткен Бердібек шығармаларында өз тенденциясын берік ұстанып, сонысынан айнымай, ақиқатшылдықты темірқазық тұтты. Өзі қалтқысыз білетін өмірді ғана қалтқысыз жазып кетті»[2],-деп орынды көрсетеді.

Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ. Өнерпаз атаулының өлместігі осында. Мұзафар Әлімбаев: «Бердібек Соқпақбаев сөзіне берік, ісіне ұқыпты жан. Мен білетін жазушылардың ішіндегі қарапайым, шаруақоры. Ол қаламды ғана емес, орақ пен күректі қалай ұстауды білетін жазушы. Өзіне де, өзгеге де қатал, тура, әділ. Творчество адамы, әдетте, салдыр-салақтау болады. Бірақ, Бердібек олай емес, әскери адам сияқты, әбден жинақы.

... Ол жұмыс істеп отырған кезде еденде, не стол үстінде көлденең жатқан дүние көрмейсің. Тіл өнерінде де солай: әр сөздің, әр сөйлемнің өз орнында тұрғанын қалайды. Қашан көңілі толғанша түзетуден талмайды...» [3]

... Бердібек Соқпақбаев кітаптарының соңғы беттерін жапқанда көркем шығарма оқып шыққандай болмайсың, өзіңнің ең тату-тәтті дос, жолдастарыңды ұзақ сапарға шығарып салғандай боласың.

Қимайсың. Көңілің бұзылады. Бердібек Соқпақбаев шығармалары, міне осындай. Жазушы үшін бұдан асқан бақыт болуы мүмкін емес. Қадыр Мырзалиев:

¹ Т.Ахтанов «Б.Соқпақбаев-балалар ақыны». Алматы. «Білім» 2004 ж.

² Қастек Баянбаев «Саясаттан сая іздемеген жазушы ». Алматы. «Атамұра» 2004 ж.

³ М.Әлімбаев. «Берен талант-Бердібек». Алматы. «Атамұра» 2004 ж.

«... Бәріміз де бала болдық. Қазір есейдік, ересек тарттық. Дегенмен, сонау кезіміздегідей пәк емеспіз. Ал сол көңіл-күйімізді айна қатесіз бейнелеген «Менің атым Қожаны» барлығымыз оқып шықтық. Біз соны жазған Бердібек ағамызға сол кезде-ақ балалық көңілдің Мемлекеттік сыйлығын сыйлап қойғанбыз...»

Марат Қабанбай: «Әрбір шығарманың тууының өмірге келуінің себептерін іздеген жағдаятта, оның авторының қилы-қилы қам-қаракеті, тағдыр-тәлейі болатыны зерттеу еңбектерінде сөз етілетіні болмаса, былайғы жерде ауызға алынбай, тіпті елеусіз қалатыны да шындық.

Дұрысы – қаламгерлік игілікке мін түсірмей, тіршіліктің аумалы-төкпелі толқындарында да сыр бермей, өз еңбегінен үлгі мен сенім тапқан қаламының балы бар, жазушының мазасын алмау, азаматтық парызды өтеп отыру. Біз қадірлейтін адамгершіліктің үлкен үлгісі, міне, осы.»

Сайын Мұратбеков:

«... Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой. Жазады – түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе.

Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады. Жоқтан бар етпеген қаламгер. Шындықтың алдына бас имейтін не нәрсе бар? Осындай шырай Бердібек қаламынан шыққан шығармалардың баршасына тән» көрсетеді.

Ақиқаттанда Б.Соқпақбаев туындыларының електен өткен дүниедей болып мөлдіреп тұратыны сондықтан. Оның шығармаларының оқырман жүрегіне қона кететін, ұзақ жасайтын қасиет –қадірі де осында! ...

⁴ Қ.Мырзалиев. «Б.Соқпақбаевтың шығармаларының мәні». «Жұлдыз» журналы № 3 1994 ж.

⁵ Марат Қабанбай. Алматы. «Білім және еңбек» журналы .1994 ж.

Бердібек туындыларындағы геройлар өмірдегі бар қалпында көрініп, шығармаға ширатылған сәтте де оншалықты киіндірілмей, жалаңаш жүрген жандар тәрізді боп көзге түсетіні де ғажап емес. Бұл жазушының кемшілігіне қарадүрсінділігіне жатпайды. Сезінуі, дүние қызықтарын түйсініп, қабылдауының қыры бұл. Осы тұрғыда, табиғи өлшеммен түзілген геройлар галереясы барынша сенімді, барынша шыншыл сымбатымен оқырман жүргенінен жол тауып, олармен қолтықтасып өмір базарында жүргендей болады.

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, тамаша жазушы Бердібек Соқпақбаев тірі болғанда биыл 80 жасқа толар еді. «Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді» демекші, балалардың сүйікті жазушысы артына «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар» және «Ергежейлілер елі» сынды бірқатар әңгіме, хикаялар қалдырды. Балалардың бал мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген жазушы әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының жанды суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізе білген. Б. Соқпақбаевтың әңгіме, повесть, романдары және пьесаларында балғын шаққа батыл саяхаттар жасап, таңдандырып, тамсантип, бал дәурен әсерлерінің қаймағын бұзбай, ақиқаттан алшақтамай, балаға тән қиялдап, өмірдің өз болмысын тебірене толғайды. Оқысаң еріксіз езу тарттырып, кейде күрсінтіп терең ойға жетелейді. Лезде кейіпкерлермен етене араласып, олар өзің күнде көріп жүрген адамдардай Беркен, Қожа секілді кейіпкерлерімен жадында жатталып қалады...

Қазақ балалар әдебиетінің тағы бір классигі Сапарғали Бегалин атындағы Мемлекеттік республикалық балалар кітапханасы қызметкерлері жазушының қазақ әдебиетіне қосылған өміршең өлмес мұраларын жинақтап, зерделей келе «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты әдістемелік құралды көпшілік назарына ұсынады.

Бердібек Соқпақбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен, шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көз алдына жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің де өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі еді. Жасынан өмір талқысын көп көрген адамның өмірбаяндық деректері оның шығармаларына арқау болды. Ол сол көргендері мен сезінген дүниесін 30-жылдардағы ауылдың ауыр тұрмысы, Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі ауыр кезеңнің шындығына сәйкес жаңартып, ой елегінен өткізіп, типтік орта шындығына лайық типтік бейнелер арқылы аша білді. Бүгінде кез келген қазақтың қара баласына Соқпақбаевтың кім екенін түсіндіріп жату артық болар, оның «Менің атым Қожасы» әрбір үйде Абаймен, Мұхтармен бірге ұлттық қазына ретінде сақталуда десек қателеспіз. Өйткені, Соқпақбаевтың есімі көзі тірісінде-ақ әрбір мектеп баласының жүрегінен мықтап орын алған болатын.

«Жас Бердібекті көз көргендердің айтуына қарағанда, жас кезінің өзінде-ақ ешнәрсеге жасымайтын, ешнәрседен жасқанбайтын отты, өжет болған екен. Ол сыйлауға, сыйласуға өте жақсы еді. Бірақ талғампаз болатын. Кейде тым кіділеу, тым кірпияздау көрінетін. Ал шын жаны жақтырған адамға, көңілі сенген кісіге ақжарқын да адал болатын. Екі сөйлемейтін, өтірік айтпайтын. ..» - бұл, жастайынан бір ауданда бірге өсіп, кейіннен дәм-тұздары жарасып, жазушымен сыйлас болған қарт қаламгердің жан тебіренісі.

Бердібек Соқпақбаев - Кеңес үкіметінің «қылышынан қаны тамып тұрған» кездің өзінде тек өз жүрек қалауымен оқырмандарына жалғандықтан қашып шынайы шындықты жеткізе білген жазушыларымыздың бірегейі. Балалар өмірін шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейтін хикаялары мен әңгімелерін жас та, қарт та, қазақ та, басқа да құмарта, қызыға оқиды десек еш артық айтқандық емес. Бердібек Соқпақбаев кейіпкерлерін қолдан жасамаған. Оның

кейіпкерлері - өзі. Жазушы шығармаларын бірінші жақтан жазады. Яғни, шығарманы бас кейіпкер әңгімелеп отырады.

Жазушының шығармалары жазушының тұтас өмірін көрсетпегенмен бөлшек-бөлшек тұстарын қызықтыра өмірге әкелген болса, ал мына «Өлгендер қайтып келмейді» романы жазушы жаратылысын тұтас тұлға етіп береді. Шығарманың ел ойынан шығатын шынайы жүзі тек қана шындық жазудан тұрса ол сол шығарманың шырайлылығын берсе керек. Осы тұрғыдан алғанда Бердібек ағамыз жоғарғы ойдың ортасынан ойып тұрып өз орнын алып және сол қасиетімен халық есінде, қала берді әр ұрпақ есінде мәңгі қалған адам.

Бердібек Соқпақбаевтың балалар үшін танымдық мәні зор шығармаларының бірі «Жекпе-жек» хикаясы. Жазушының бұл шығармасы да қазақ әдебиетіне келген тың туынды. Өйткені, қазақ балалар әдебиетінде бұған дейін спорт тақырыбы мұндай деңгейге көтерілген шығарма болған емес. Бұл шығарма бокс жайлы жазылған. Ал бокс деген спорт түрі қара домалақ қазақ баласына өте жақын десек артық айтқан болмас еді. Ауыл спортының, әсіресе бокстың дамуына үлкен төңкеріс жасаған, құрыштай шыныққан саңлақтардың дүркіреп шығуына соны серпіліс, ерекше серпін берген айтулы көркем дүние. Жасында әлжуаз болып өскенмен, үзбей шынығу, ұдайы жаттығудың нәтижесінде спорт шыңына шыққан Мұраттың бейнесі арқылы жазушы арман жолында қиындықтан қашпау керектігін ұғындырады.

Жазушының күрделі де көлемді туындысы «Өлгендер қайтып келмейді» романы. Өзін жазатын жазушы бұл шығармасына да өзінің өмірін арқау еткен. Бір айта кететін жайт, 1974 жылы «Өлгендер қайтып келмейді» романы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылады. Бірақ, сол кездегі бармақ басты, көз қыстымен тағы да шетқақпай қала береді. Бердібек Соқпақбаев қайтыс болардан

аз уақыт бұрын бір топ қаламгерлер «Халық жазушысы» деген атаққа ұсынылған екен... Неге екені, кейін сол атақ алғандардың ішінде Соқпақбаевтың есімі болмай шығады... Иә, егемен елі барда Бердібек Соқпақбаев та бар, әсте ұмытылмақ емес. Өйткені, ол туған халқының тағдырын жырлап, оның жүрегіне әлдеқашан жол тапқан жазушы.

«Ергежейлілер еліне саяхат» ертегі-хикаясында шындық пен әділет салтанат құрған, өмір-тіршілік мүлде басқа. Парақорлық пен ұрлық-қарлық атымен жойылған. Халық ешнәрсеге мұқтаж емес. Балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықта шек жоқ. Тіпті ергежейлілер елінде әскер мен қару-жарақ та жоқ. Барлық мемлекеттермен тең құқықта қарым-қатынас жасап, өзінің салт-дәстүрін қатаң сақтайтын бейбітшілік сүйгіш ел туралы ертегі-хикая осылайша шалқар ойға шақырады.

Бердібек Соқпақбаев – шынайы адам, шыншыл жазушы еді. Өтірікке өлердей қас болатын. Өнерді өтірікпен әсемдеуден қорқатын. Қатарлас замандастарының өтірік жазғанын жазып жүргенін білсе, сыйламай қоятын. Ол қоғам шындығын бар ауыртпалық, қиындығымен көрсетем деп өзі де көп қиындық көрген қаламгер. Шыншыл шығарма-өміршең. Бердібек Соқпақбаев шығармалары кеше шындық болып шырылдап сөйлесе, бүгін өмірдің өзі болып баурайды оқырманды. Оның шығармаларының қызық оқылып, бүгін жазылғандай әсер ететіні де сондықтан. «Бердібек Соқпақбаевтың – кірпияз мінезі - жазушының жан-дүниесінің тазалығын білдіреді. Өте қарапайымдылығымен өзін биік ұстайтын жазушылардың байқамайтындығын байқап, соның соны желісінен жанына нәр тапқан жазушы. Оның бізден ерекшелігі де сол. Сендердің топырақтарыңда туып, елдің мерейін үстем ететін үлкен классик жазушы болуының сыры да сонда», - дейді Таһауи Ахтанов.

«Әкем үлкен оптимист болатын», – дейді қызы Самал Соқпақбаева өз еске түсіруінде, –... өте көңілді әзілқой адам еді.

Кезінде біздің елімізде «Антон и Кнопка» деген австриялық кинофильм жүрді. Антон кедей отбасының баласы да, ал Кнопка деген лақап аты бар қыз – байдың қызы. Үсті-басы, шұлығы жыртық Антонға еліктеп, ол да өз киімдерін тесіп жыртып тастайды. Әрі екеуіміз тең боламыз дейді. Бұл фильм маған қатты әсер етті. Дереу үстімдегі киімдерімді жыртып, терезеге ілінген перделерді жұлып алып, оны қайшымен қикалап, сандалымды тесіп киіп жүрдім.

Бұл оқиға да әкемнің әңгіме жазуына себеп болды. «Сандал» деген әңгіме жазып, ол шығармасы «Балдырған» журналында жарияланды» [С.Соқпақбаева. «Әкем әзілқой еді» 75б.]

Б.Соқпақбаевтың екі әйелінен екі ұл, бір қызы бар. Тұңғыш жұбайы – Бәшен Баймұратқызы. Ол зейнеткерлікке шыққанға дейін Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейді.

Педагогика саласы бойынша ізденіп, кандидаттық диссертация қорғайды. Қызы – Самал Соқпақбаева, ҚазМУ-дің химия факультетін бітірген, шығармашылықпен де шұғылданады. Аудармашы.

Самалдан Әділ, Данара атты немерелері бар. Әділден Әдия атты шөбересі бар.

Екінші жары Бибігүлден, Әлнұр, Мұхтар атты ұлдары бар. Мұхтар өмірден ерте кеткен, одан Тахауи атты немересі өсіп келеді.

⁶ С.Соқпақбаева «Әкем жайлы әңгіме». Алматы «Атамұра» 2004 ж. 72б

⁷ С.Соқпақбаева «Әкем жайлы әңгіме». Алматы «Атамұра» 2004 ж. 75б

I бөлім.

Бердібек Соқпақбаевтың ақындығы

Б.Соқпақбаев туралы жазылған дүниелерге назар салып қарағанымызда замандастары, әріптестері оның өткір тілді ақын болғандығын да айтып отырады. Ол шешіле сөйлеп, сыр ақтармағанымен, бір қайырма әзіл-қалжыңға шебер, алайда ауыз жаппас қалжыңбас емес. Нағыз майдан қоңырдың өзі болғандығын аңғара түсеміз.

Біздің ұғымымызда Б.Соқпақбаев – қалам құтын, өнер дәулетін кітапханадан іздемей, қияметтей қиын қыспақты қытымыр тіріліктің өзінен іздеген. Ол өз тұстастарының көбінен ертерек танылған қаламгер.

1949 жылы «Жастар дауысы» атты ортақ жинақта өлеңдері басылды. 1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш тырнақалды жинағы жарық көрді. Сол тұстағы балалар ақындары қолынан шыққан өлеңдерінің ең үздігі де, өрнектісі де, мәдениеттісі де Бердібек Соқпақбаев жырлары екенін сол кітапша күдіксіз дәлелдеп берді.

Әсіресе «Мысық» деген тақпағы жұртшылыққа қатты ұнап, бүлдіршіндердің аузынан түспейтін туындысына айналды. Мектеп сахнасында да жырлары жиі оқылатан болған. Автордың өлең-жырлары дені оқиғалы, тартысты әрі ықшам-қысқа қайырылған. Сол себепті кішкентай оқырмандар қызығып оқитын туындысына айналған.

«Бұлақ» жыр жинағынан кейін Бердібек Соқпақбаев жыр жазуды доғарып, балалар прозасына бірыңғай, біржола көшкен. Бұл жайлы замандасы ақын Мұзафар Әлімбаевтың мынадай эпиграммасы бар: «Бұлақтың» көзі бітіп жыры азайып, Бердібек болып алды прозаик».

Б.Соқпақбаев өлеңнің құдіретін жақсы ұғынған адам, оған өзінің мына жыр жолдары дәлел бола алады:

Өлеңде мінезі бар жас баланың,

Жылатып алам ба деп жасқанамын.

Өлең – нәзік шегіндей домбыраның,

Үзіп алса үлкени масқараның.

Бұрқыраты өлеңді жазып тастап,

Жастық етіп жасырып жастанамын.

Бүгінгі таңда балалар әдебиетінің классигі екендігін мойындаған тұста, Бердібек Соқпақбаевтың бақылағыш, байқағыш, көреген болғандығын замандастары жабыла жазып жүр. Өзгелер елей қоймас ұсақ-түйектің өзінен де үлкен мән тапқыштығы барына қайран қалысады.

Сонау алпысыншы жылдарда ана тіліміздің алтын шапаны бой-бойымен сөтіле бастағанын сөз қылып, көпке жани ескертіп, ой тастауды мақсұт тұтқандар ол кезде саусақпен санарлық болғандығы ақиқат. Заманымыздағы осындай қасіретті ашық айталмаса да, астарлы ажуа, уытты күлкімен Бердібек Соқпақбаев қана айта білген, сондықтан да көп адамдармен шығысуы қиындау соқса керек.

Көңілді кездерінде Б.Соқпақбаев көптеген ақындардың әсіресе Абай өлеңдерінен өзі өзгертіп жасап, әзілшең нұсқаларын жатқа айтып, замандастарын күлдіріп жүретін болған. «Өзі де кейде бәдік, шайқы-бұрқы өлеңдер шығарып қоятыны бар-ды... Әсіресе, сексенінші жылдары...

Көңілдің күйрек күйлерін арқау ететін жаңа өлеңдерін балалар әдебиеті кеңесі мүшелері келгенде жұрт жиналып үлгергенше, жұрт қолқаламаса да оқи жөнелетін. Олары баспасөзде жариялауға көнбейтін дүниелер, әрине»[7/67.б] Қаламы қарымды қаламгердің жаны күйзеліп жадау тартқан жүргеніндегі іштегі запыранын сондай өлеңдері арқылы сыртқа шығармағанына кім кепіл?..

⁸ М.Әлімбаев «Берен талант-Бердібек». Алматы «Білім» 2004 ж.

Алғашқы кітабының жарыққа қалай шыққанын Бердібек Соқпақбаев былай еске алады: «Баспаның директоры аты республикаға белгілі ақын еді. Ол мені студент кезімнен білетін. Бұрынғы жылы институттың мен басқаратын әдебиет үйірмесінде біз онымен мықтап тұрып дауылдасып, кездесу кешін өткізгенбіз. Бірге суретке түскенбіз. Соның бәрі сол кісінің есінде екен.

Жастарға қамқоршыл мінезімен ол мені жылы қарсы алды. Баспаға қатысты шаруаларымды еш әуре-сарсаңға салмай тындырып берді», – дейді.

Бұрымындый қыздардың,
Ағасың әсем өріліп.
Төсінде ойнап құздардың,
Күмістей жалт-жұлт көрініп.

Соқса да дауыл бұлқынып,
Баса да құлап зіл жартас.
Жай түссе де тас жарып,
Күлкіңді сенің тыя алмас.

Осындай жыр шумақтарымен Бердібек Соқпақбаев әдебиет әлемінің есігін аттаған еді. Әдебиетке құштар, жазушы болуды армандаған балғын жас осылайша өз күшін ең әуелі поэзияда байқап, сөз қасиетін, сөз қадірін поэзия безбенімен өлшеуді үйренді. «Бұлақ» жазушының алдағы шығармашылық ғұмырының программасы іспетті болатын.

Әу баста әдебиетке ақын болып келген Б.Соқпақбаев шын мәнінде ақын болып өтті. Бірақ өзекті өртердей тым ащы өлеңдерін әркімге жария қыла бермейтін. Кейбір замандастарының есінде қалып, қойн дәптерінде сақталған, бүгінде еліміз егемендік алып, тіліміз бен дініміз қайтақанда ғана оқырмандармен қауышып жүрген жырларынан үзінді келтірейік:

Егер мен ақын болсам бұрқыраиып,
Талайдың сай-сүйегін сырқыратып.

Өленді жазар едім, тек «Союздан»,

Қорқамын қуа ма деп тырқыратып, - деген жыр жолдарынан да көп нәрсені аңғаруға болады.

Күш қайтты, қуат кетті қаламнан да,

.....

Ештеңе керек болмай қалады екен,

Қартайған пенсионер шал адамға.

Құдай неге бас бермедің ойшыл қылып,

Мінез бердің сауықшыл, тойшыл қылып,

Жарата салсаң еді онандағы,

Саутсыз, түк білмейтін қойшы қылып,

Қойымның ең семізін сойып алып,

.....

Далақтап кең далада жүрмес педім?...

Біздің байқауымызша, Бекең өмірдегі көп бұлтарыс-бұраландарға көндіге алмаған, өзінің бойындағы құдай берген құдыретке қана сеніп өткен қарама-қайшылықты тағдыр иесі. Жанын жеген запыран ойлар көбіне-көп сыртқа шықпай ішін улай жібергені де содан секілді, Жаны да тым ертерек егде тартып кеткендей. Табиғатынан тойдың емес, ойдың адамы.

Бәрі қалды жігіттер, бәрі қалды

Уақыт бәрін алды, бәрін алды.

Өмірде бастан кешкен азап, мехнат

Өшпейді екен,

Маңдайда мөрі қалды...

Сексеннен асқан ақсақалдарымыздың өзі өткен шақпен сөйлемей, күпілдеп, ертеңгі күнді ерттеп мінердей күй кешіп жүргенде, «Өмірде бастан кешкен азап-мехнат өшпейді екен, жүректе мөрі қалды», – деп күйреуі кім-кімнің де жүрегін езілдіріп, көңілін күйретердей емес пе?

Айты-айтпады, бәрі де өтпелі екен де. Қия бетке қисық өскен қикар емендей, көп құбылыстарға ұқсай да ұнай да бермейтін Бердібек Соқпақбаевтың өзінше жеке әлем екеніне көзіміз жетіп отыр. Өмірдің өзіндей әділ жыр жолдары талай ұрпақты, талай сырға кандырар.

Қазақтың мықты ақындарының бірі Еслам Зікібаев Б.Соқпақбаев жайлы былай толғанады:

Ел тегіс адасты деп аласармай,
Ел тегіс жарасты деп жараса алмай,
«Бақ үшін» таққа биік таласа алмай,
Өмірден қарапайым өткен адам,
Бір шыққан биігінен аласармай!

Иә, асуы биік асқарға қияндап ұшып, қыран да, жорғалап жүріп жылан да шығатыны – әлімсақтан бері келе жатқан ақиқат. Ал сол шыққан биігіңнен фәни-тірлікте сусып-сырғанап кетпей, абыроймен тұрып қалу да әркімнің маңдайына сыя беретін бақыт емес.

Ал, Бердібек Соқпақбаев шыққан шыңның үстінде шабыт шұғыласын құйған, фәни –жалғаннан бақи – мәңгілікке аласармай кеткен біртуар асқақ тұлға.

«Пенденің пәни дүниедегі ең негізгі қарсыласы – өз тағдыры» деген сөз рас. Алмағайып заманның жетегіне еріп, дұрысқа емес бұрысқа ыңғайланып тұратын тақуа Кеңес өкіметінің өкімі үстем болған қилы кезеңде ұлтының болашағын ойлап шырылдаған талай ардақтының шақшадай басын шарадай еткен. Ұлтының ұятына, абырой-арына айналған, рухани көсемдіктің туын ұстаған перзентке жеке бастың тағдыры, қара бастың мұң-мұқтажы деген болмайды. Уақыттың салмағы, ең алдымен ұлттың ар-ожданына айналған санаулы саңлақтың қабырғасын қайыстырып, заманның дерті мен қайғысы міндетті түрде солардың жүрегінің сүзгісінен өтеді. Уақытты жеңген тағдыр жоқ. Халық рухының жаршысы, жоқшысы болғандардың барлығының өмірі жеңілістерден

тұрғандығын адамзат баласының тарихы сан рет дәлелдеген. Замандардан –замандарға үлкенді-кішілі болып жалғаса береді. Пролетриат диктатурасы үстемдік еткен дәуірдегі жеңілістің халықтың рухани тірлігіне жасаған қиянатын анықтап білу үшін көп жылдар керек, көп ғасырлық тарихы, қайталанбас дәстүр-салты бар ұлт есін жиып, өзін-өзі тануы тиіс болды. Тірлігінде Кеңес идеологиясымен ымыраға келмей кеткен Бердібек Соқпақбаев мінезінде ешқандай заңдылыққа бағынбайтын, өз қара басына пайда емес, зиян әрекеттеріне замандастары түсінбей де қалатын. Олардың ұғымында, кеңес идеологиясы қалыптастырған өмір сүру принциптеріне, кісілік мазмұнына қайшы келетін «экстремистік тірлігіне» іштей және сырттай да қарсы болатын. «Жазушы мен партияның сөзі бір жерден шығу тиіс», – деген балаң түсініктің жетегіне ерген жазушының айтқан сөздері басқаларға ерекше әсер ететін. Барлығы жабылып марапаттап, теңеу табалмай қианалатын кеңестік қоғам мен сол қоғамдағы құбылыстарға көзқарасын, наразылығын ашық білдіріп жүретін, сталиндік заманның зұлматын көзімен көрген қаламгердің батылдығы ұлты мен уақыттың алдындағы азаматтық һәм суреткерлік жауапкершілікті терең түсінгендігінің белгісі екендігін олар сол кезде бағамдай алған жоқ, әрине.

Өмірдегі аяусыз қиянаттардан, жалпы тоқырау жылдары өмірімізді жайлаған келеңсіздіктерден жаны ауырып, қажыған жазушы, өмірінің соңғы жылдары ештеңе жазбастан, қаламнан жерінгендей күйде болды. Қисынсыз қиянаттар титықтатып, қажыды, шаршады. «Жазғаның толық жарық көрмеген соң, жазып керегі не?», – деп түңіле қол сілтеген Бердібек Соқпақбаев:

«Өсек пен өтіріктен тойып кеттім,

Жазуды сол себептен қойып кеттім

Сөз қадірін білмейтін дүмшелерді

Қырып кеткім келеді, жойып кеткім», – деп өлеңдетіп қояды екен.

Немесе:

Қарын тоқ, киім бүтін, уайым көп.
Қалқайып әзер жүрмін құлайын деп.
Ойласам жер тағдырын, ел тағдырын,
Еріксіз кемсеңдеймін жылағым кеп.

Шығарманың ел ойынан шығатын шынайы жүзі тек ғана шындық жазудан тұрса ол сол шығарманың шырайлылығын берсе керек. Осы тұрғыдан алған да Бердібек ағамыз жоғары ойдың ортасынан ойып тұрып өз орнын алып және сол қасиетімен халық есінде , әр ұрпақ есінде қала береді.

Жазушының ішкі шындылауының сыры неде деген сұрақ тууы табиғи. Ол өзінің уытты тілінің ұшталуына, оның сырты берік болып тысталуына, іши тамаша ысталуына, ойының қуатты күшке ұсталуына ұлы Абайдың өлеңдерін әр оқыған сайын астарлай ұғынып, екінші мағынада яғни жаңа заманның лебіне Бердібек ойымен, Бердібек көзқарасымен өлеңдік көркін қайта жасап, жасандырумен болған. Мысалы біз мына бір өлеңдерін алып қарайық:

Жазған жоқпын мен-дағы ермек үшін,
Жоқ, барды-ертегіні термек үшін.
Қатын екеу, бала үшеу, жаздым міне,
Соларға тамақ тауып бермек үшін.

Жазбадым тарихта қалу үшін,
Жаздым мен қаламақы алу үшін.
Әркімнен қызмет сұрап тентіремей,
Жанымды жұрт қатарлы бағу үшін.

Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев саясаттан сая іздемей, идеологияны ықтамай өтті. Өз шығармашылығында өз тенденциясын берік ұстанып, сонысынан айнымай ақиқатшылдықты Темірқазық тұтты.

Көрнекті қаламгердің қаламынан туған көркем туындыларының бәрі де өзі куәгер болған өмірден жазылған, тіпті бас қаһарманы да өз тұлғасына ұқсас келеді.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде «Жалын» баспасындағы шәкірттерінің біріне: «мен тек көргендерімді жазамын, көргендерімді жазып тауыстым, енді ештеңе жазбаймын»,— деген көрінеді. Көргендерін қиялмен, фантазиямен дамытып барып жазбайтын қаламгер болмайды. Біздіңше Бердібек ағамыз әлгі сөзді кішіпейілдікпен, сыпайылықпен айта салған сияқты. Қалай дегенмен, Бердібек Соқпақбаевтың есімі көргендерін ұшқыр қиялымен, фантазиясымен дамытып барып жазатын, үлкен суреткер ретінде әдебиетсүйер қауымның есінде мәңгі сақтала береді.

Оның наразылығын қаламгердің өмірлік тәжірибесінен түзілген мәні зор мазмұн, үлкен қорытынды деп ұқпай, жазушының қыңырлау мінезінің қанжығасына байлай салатыны ақиқат еді. Сондай наразылық ұлғая келе талай-талай үлкен қаламгерлердің жеке басының қасіретімен аяқталғанын жақсы білеміз. Шауып жүрген жазушы да тосаттан, бақи дүниеге аттанып кетті.

II бөлім.

Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған повестері

Жазушының тырнақ алды туындысы «Он алты жасар чемпион» повесі 1951 жылы жарық көрді. Содан бері Б.Соқпақбаевтың қаламынан жиырмадан астам кітап шыққан. Оның атын ерекше жайған шығармасы «Менің атым – Қожа» повесі болды, ол орыс, француз, украин, литван, латыш, молдаван тілдеріне аударылған.

Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың Гауһар?», «Бастан кешкен» т.б. атты повестері әлеуметтік-адамгершілік проблемаларды өткір қозғаған, олар кейіпкерлердің жан-дүниесіне терең бойлаумен, тақырыпты жеріне жеткізе игеруімен ерекшеленеді.

Б.Соқпақбаевтың жасөспірімдерге арналған кітаптары, шын мәнінде, қазақ балалар әдебиетінің классигі екендігін танытады. Сөз зергерінің мінсіз пішілген терең мазмұнды шығармалары оқырмандарды асқақ адамдық мұраттарға жетелей береді, олар ұлттық мәдениетіміздің асыл қорынан лайықты орын алады. Жазушының айшықты шеберлігі көркемсөз зергерлерінің талай буынына үлгі болары сөзсіз.

Адам өміріндегі болашағының жалғасы, тәтті үміті, ең асыл да қымбатты бала болғандықтан, әдебиетіміздің де ең құрметтісі балалар әдебиеті.

Кезінде оқырмандардан өз бағасын алған, халық құрметіне бөленген Бердібек Соқпақбаев өмірде көрген-білгенін ешбір бүкпесіз, боямасыз сол қалпында шынайы түрде жазған.

«Балалық шаққа саяхат» атты повесінде: «Жетіншіде жиырма шақты бала бармыз, мектепті түгел бітіріп шықтық. Картаның оң-солын айыра алмайтын Елемес те бітірді. Мемлекеттік комиссия осы қарқынынан тайма, бөгелме, ғылым шыңына өрлей бер деп, оған да жолдама берді»,– дейді. «Мұнысы несі? Балаларға бұлайша ашып айтқаны қалай? Кеңес

мектебінің беделін түсіргені емеспе?» деп тіксінгендер де болды. Дегенмен бұл сол жылдардың шындығы екені рас. Оқудың да, оқушының да сапасы сол кезде сондай екенін қалай жасырады? Жасырғаннан жалғандық тумай ма, баланы жалғандыққа тәрбиелеп, шыншыл етуге бола ма? Шындықтан артық тәрбиенің жоқтығын жазушы дұрыс аңғарған.

«Балалық шаққа саяхат» – отызыншы жылдар шындығын боямасыз көрсете білуімен құнды. Бұл шығармасында жазушы кеңес өкіметінің алғашқы бесжылдықтар тұсындағы «ұлы» істерін дәріптеп, жалған пафосқа бармайды. Повесте елдегі саси ахуал, әлеуметтік жағдайлар қақтығысы туралы ештеңе айтылмайды. Қазақ даласының бр қиырындағы қараша ауылдың қарапайым халықтың өмірі суреткердің елегінен сұрыптала өтіп, сол бір кезеңнің көркем шындығына айналған. Ұранға ұласып, небір парасатты адамның ойлау жүйесін зорлықпен қалыпқа салып алған кеңес идеологиясының ырқына көніп, шындықтан алыстап кеткен, соған қарамастан сый-сияпатқа қарық болған небір оқалы шығармалар да жазылып жатты, бірақ Б.Соқпақбаев өз соқпағынан жаңылмады. Балаларға арналған шығармаларында қызғылықты оқиғасы, жағымды, жағымсыз кейіпкерлері және осылардың өзара тартыс, қақтығыстары болуға тиіс. «Балалық шаққа саяхат» осы тұрғыдан бағаланды. «Таңертең сабаққа барар кезде шешем маған бір кружка сұйқылтып арпа көже ысытып береді. Күні бойғы қорегім сол ғана. Мектептен қайтқанда аштықтан көзім қарауытып, бұралып, үйге әзер жетемін...

... Бір күні оқудан тағы да ішім-ішіме қабысып, әрең келдім. Ауырып жатқан шешеме өлімсірей қарадым. Шешем үнсіз. Пәлен жерде мен үшін сақталып қойылған бір уыс бидай барын айтпады. Үйде ауызға салар түк қалмағанын бірден білдім.

Бұл бірінші кездесіп отырған жағдай емес.

Бұндайда мен сол үн-түнсіз қалпымда сыртқа шығып кетем. Өз жайымды өзім бағудың қарекетін ойластырам. Колхоз председателі Жәкібайдың немесе тамағы басқа біреудің үйін торауылдап келемін...

Жәкібайдың менен үш-төрт жас кіші Тілеу деген баласы бар, әрі ерке, әрі сотанақтау. Председательдің баласы болғандықтан Тілеу аш болу дегеннің не екенін білмейді. Қолына добалдай нан ұстап жеп жүреді».

Міне, бұл кәдімгі отызыншы жылдардағы социализм орнатып жатқан, бізде үстем тап жойылған, совет адамдарының бәрі бірдей, тұрмыстары да бірдей деп ұрандатып жатқан замандағы қазақ ауылының тірлігі. Қолында билігі бар бастықтың үйінде ақ түйенің қарны ақтарылып жатқанда, үш бірдей азаматы бар: әкесі және екі ағасы күні-түні колхоздың жұмысында жүрген қатардағы жәй колхозшы үй-ішінің аш құрсақ халі. Жазушы өзі бастан кешкен қатыгез өмірдің ащы шындығын жазып отыр. Қоспасы жоқ таза шындық. Осыны оқып отырып оқырман көз алдына отызыншы жылдардағы қазақ ауылының жанды суреті қаз-қалпында келеді.

Бір ғана «Балалық шаққа саяхаттың» ішінде жүзге тарта кейіпкер бар екен. Ал солардың бәрінің орны, оқиғаға қатыс бар және есте қалар мінез-құлықтары, қылықтары бар. Бас кейіпкерлері әкесі мен шешесі, ағалары, інісі әрқайсысы өз қалпымен еш боямасыз, әсірелеусіз, өмірде қандай болса, сол күйлерімен кітапқа түскен. «...мен әкеме риза едім...жасы бұл кезде отызды аралап қалған. Соған қарамастан, жүріс-тұрысы қарт адамдар секілді. Ырғалып-жырғалып, ол қозғалып болғанша, өмір керуені біраз жерге барып үлгереді...».[«Балалық шаққа саяхат» 123 б]

«...Бойы ортадан төмен, иықты. Өзі құсап сөлбірейтіп қияқ мұрт қояды. Уайымсыз адам, күйіп-піскенді білмейді, жайбарақат. Мезгілсіз тозып, шаршамайды. Аш болса да, тоқ болса да екі беті қып-қызыл. Тамақ таңдамайды, өңешінен өткеннің бәрін ішіп-жейді. Ауырмайды...

¹ Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат». Алматы «Білім» 1984 ж. 123б.

² Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат». Алматы «Білім» 1984 ж. 119б

...Бригадирді бес келтірмей әкем жұмысқа шығып көрген емес.

.... Қысы-жазы бірдей қалың киінеді. Үстінен етегі делдиген ақ тоны, басынан жарбиған жаман малақайы түспейді.

Күн ыссыда малақайының құлағын қайырып байлап қоюға бір бауы қалай да шүнтиған үзік болады, байлауға келмейді. Сондықтан малақайының құлақтарын жәй жымқырып бүктеп қояды. Әмәнда бір құлақтың бүкеуі жаздырылып кетіп, есектің құлағынша қалқиып, былғаң-былғаң етіп жүргені.

Неге екенін қайдам, әкемнің тонында түйме дейтін нәрсе болмайтын. Киеді де, тонның екі өңірін айқастырып, беліне май жағудан қап-қара болған жіңішке қайыс белбеуін буынады.. Қатты тартып буынған белбеудің әсерінен етегі делдиіп қалады. Әкемнің аласалау жалпақ денесі сол кезде аласарып кеткендей болады... дәл арқасында белбеуден өткізіп, балта қыстырады. Үйде ер болмағандықтан әкем қызыл өгізге ыңыршақ ерттейді. Тартпа орнында құр жіп. Үзеңгінің біреуі ағаш, біреуі темір..»

Бұл үзіндіден әдемі портретті көреміз. Енді аз болса кітап бетінен шығып кеп өзіңізбен әңгімелесуге шақ тұрған жанды бейне секілді. Мұнда портреттер дүниежүзі әдебиетіндегі ең озық үлгілерімен қатар тұрады десек орынсыз болмас. Марк Твеннің, Гогольдің кейіпкерді суреттеулерін еске түсіреді. Еліктеу емес, үйрену бар. Қазақ топырағында туған, қайталанбас ұлттық қасиет бар. Есімізге еріксіз көп қазақ ертегілері, сондағы халық сүйетін кейіпкерлер: Тазша бала, Алдар Көселер түседі. Халқымыздың күлкіге бай әжуа-сықақтары, сайқымазақ әңгімелерінің кейіпкерлері түседі.

Бердібек Соқпақбаевты балалар жазушысы деудің орны бар. Оның шығармасы кімге арналса да, жұртты иландыра алады. Мәселе жазушының суреткерлігінде. Әрбір суреткер жұртына айтсам, жеткізсем деген ойын балаға арнай ма, ересектерге арнай ма бәрібір. Әйтеуір, оқыған адамды

бейжай қалдырмайтын тұщымды ой болса, мақсаттың орындалғаны. Б.Соқпақбаев жас пенен жасамысқа бірдей ортақ суреткерлік сөзін айтып кеткен жазушы. Балалар өмірін шынайы суреткерлікпен, сүйіспеншілікпен бейнелейтін хикаялары мен әңгімелерін жас та, қарт та, қазақ та басқа да құмарта, қызыға оқиды десек, еш артық айтқандық емес.

Бұл ерекшелігінің сыры неде? Оның құпиясы кейіпкерін қолдан жасамаған, өмірдің өзінен ойып алған. Турасын айтқанда басты кейіпкері өзі. Сараптау-сұрыптауы болғанмен қоспасы, әсірелеуі, жасандылығы жоқ. Адам баласына, пенде біткенге тән ерекшеліктерді балаға тән тума қасиеттерден, балаға тән аңғалдықтан, тазалықтан іздейді. Сол байқағандарын боямасыз көрсетіп, жалғаны жоқ жасампаз образдар жасайды. Сөйтіп, шынайы өмірді насихаттап өткен жазушының өзі де жаратылысынан жинақы, болмысы таза адам. Өтірікке де, көпсөздікке де жаны қас.

Балалар үшін жалаң дидактикадан гөрі нанымды да нақты штрих-детальдың әсері мен пайдасы әлдеқайда зор болмақ. Осы ретте, бұл мәселелер жөнінде тағы да автордың өзіне сөз берудің ыңғай келіп тұрған сияқты. Жазушыға: «Балалар өміре арнап шығарма жазудың өзіне тән қыры мен сыры туралы айтып берсеңіз»,– деген сұрақ қойылғанда ол: «Мен мысалы, өз шығармаларымды бірінші жақтан жазам. Бұл үшін өмір құбылыстарын – жақсы-жаманды, ақ пен қараны бала көзімен көру, бала түйсігімен түйіндеуден туындайды. Содан кейін баланы зеріктіретін суреттемпаздықты, тәптіштеп ұсақ-түйек татымсыздықты тасыта берушіліктен аулақ болдым. Бала ойына сәйкес шығармалар жазуға тырысамын »? деп жауап берген. Иә, Бердібек Соқпақбаев шыншылдығы мен қарапайымдылығының сыры сонда болса керек. Б.Соқпақбаев ең алдымен қысқа да нұсқа жазудың шебері. Ол қарапайым тілмен баяндап отырып-ақ, кейіпкерлерінің мінез-құлқын, болмыс-бітімін есте қаларлық бірер штрих, детальмен шебер де дәл ашып беретін суреткер. Оның кез-

келген шығармасын ешкімге ұқсамайтын өзіне тән стильдік өрнек бірден байқалып тұрады. Жазушы стиль, мысқылы, юморы – нағыз «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» стиль.

Өзін жазатын жазушымын,– деп жоғарыда өзі айтқандай, автордың көпшілік шығармаларында өмірбаяндық деректер пайдаланылып, олардың бір-бірімен сабақтастығы байқалып отырады. Әсіресе, қазақ балалар әдебиеті де үлкен құбылысқа айналып, өзіндік жаңа леп, жаңаша бет ала келген «Менің атым – Қожа» хикаясының да алғаш «Өзім туралы повесть» деп аталғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Ал, енді осы шығармадағы Қожа қандай бала, қандай кейіпкер? Шығарма бойындағы жаңалық неде? Жалпы, «Менің атым – Қожа» жарық көргенге дейін қазақ балалар әдебиетіндегі кішкентай кейіпкерлердің бәрі де қолдан шыққандай шетінен тәрбиелі, тіл алғыш, жүріс-тұрысы әдепті, «белсенді» болып келетін. Осы схематизмді бұзып, таптаурын болған көне жолмен жүрмей, өзінше келген жазушыға да, жағымды қылығынан жағымсыз қылығы көп Қожаға да жұрт әуелде тосырқай қараған. Жалпы қандай жаңалық, құбылыстың бірден қабылдана, мақұлдана қоюы қиын ғой. «Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек», «Балаларды тек жақсы, өнегелі кейіпкерлер үлгісінде тәрбиелеу керек. Ал, Қожа бұзық, жүрген жеріне шөп шықпайтын сотқар оқушы» деп алая қарағандар да аз болған жоқ. Тіпті «Мектептегі барлық баланы бұзық етіп шығарғыларың келсе, бұл кітапты тезірек басыңыздар»,– деп пікір айтқандар да болды. Бірақ талғампаз жазушы бұл шығармасының өміршендігіне деген сенімін жоғалтпай, оны орыс тіліне аудартып, Мәскеудің «Детская литература» баспасына ұсынады. Сол сәттен бастап шығарманың бағы жанып, жолы ашылды. Сол сәттен кейін, орыс тілінде «Қожаның» тұсауын Мәскеу кесті. Көп тиражбен, жеделдетіп екі рет басып шығарды. Ары қарай қазақтың сүйкімді де сотқар қара домалағының дербес өмірі басталып, сол кездегі Кеңес Одағын аралап кете барды. Көптеген тілдерге аударылып, бірінен

соң бірі басылып шығып жатты. Сол 1957 жылдан бастап, «Менің атым – Қожа» үлкеннің де, кішінің де қолынан тастамай оқитын сүйікті кітабына айналды. Бір қызығы алғаш кейбіреу жатырқағанмен, бірақ тағдыры тосын, өзіндік сезінетін мұны да бар, ақылды тентек Қожаны балалар сыртқа теппей, бірден жақын тартып, бауырласып, шүйіркелесіп жүре берді. Бір кездері тәртібі жаман болып, пионер лагеріне бара алмай қалған Қожа туысқан республикалардан асып, алыс шет елдерді аралап кетті. Алғаш Парижде француз тілінде басылып шықты. Осындай шынайы шығармашылығының арқасында Бекеңнің өзі де жазушы ретінде шет елдерге кең танылды.

Осы орайда мынадай бір оқиғаға назар аударалық. 1963 жылы Алматыға келген француз жазушысы ҚазТАГ тілшісіне берген сұхбатында: «француз оқырмандары қазақтың классик жазушылары Мұхтар Әуезов, Бердібек Соқпақбаев, Ғабит Мүсіреповтың шығармаларын ана тілінде оқи бастады»,– деген. Бұл шындығында тосын оқиға ретінде қабылданды. Радиодан оқылған бұл хабар кәдімгідей «шу» шығарған. Оны шығарып жүргендер өзіміздің қазақтар. Өзіміздің қызғаншақтық пендешілігіміз. «Бердібек ондай атаққа ылайық емес»,– деп жерден жік шыққандай өре түргелдік. Сондай-ақ сонау кеңестік кезеңдегі Қазақ ССР-нің 40 жылдық тойына келген Балтық жағалауы делегациясы жетекшісінің де құттықтау сөзінде небәрі екі-үш жазушысының М.Әуезов пен Б.Соқпақбаевтың есімдерін атағанын да елемеген болды.

Тегінде, асылдың алуан қыры болатыны сияқты, жақсы нәрсенің де шынайы өнер туындысының да зерделеп қарасаңыз, неше түрлі қыры мен сыры ашылады екен. Қазақтың талантты кинорежиссеры Абдолла Қарсақбаев «Менің атым Қожа» повесі бойынша көп ұзамай көркем фильм түсіріп, экранға шықты.

Тентек Қожа мұнымен де қанағаттанбады. 1967 жылы Францияның Канн қаласында өткізілген балалар мен жастар көркемсуретті фильмдерінің Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне қатысып, бәйге алып қайтты.

Бұл фильм күні бүгінге дейін экраннан түспей келе жатыр. Бірақ, осы кітапты оқып, осы киноны көріп балаларымыз қикар болып кетті деген шағымды, не ата-аналардан, не бір мұғалімнің аузынан естіген емеспіз.

«Сөз зергері» немесе «қалам шебері» деген сияқты тіркестерді көңіліміз түскен сәттерде көрінгенге көлденең тарта салу әдетіміз бар. Сондықтан да оқырмандар сыни мақалалардағы көпірме, көбік қолпаштама бағалаларға илана бермейді, әсіресе мүшелтойға арналған мадақтамаларға шүбәмен қарасады.

Ал, Бердібек Соқпақбаев тәңіріміздің өзі маңдайына жазған бақ-талантты – сөз зергері болып туды. Оның тілі жарқылдақ, әшекейлі емес, Фейерверктің отындай қызыл-жасылды құбылғыш әлдеңе емес, өмірдегідей қарапайым, тартымды, өрнекті, кестелі тіл. Әрі дәл сурет тілі. Мысалы: «Менің атым – Қожа» хикаятынан: «Күн күркіреп, найзағай шартылдап, көзді шағып, құлақ тұндырады». Төрт құбылыс: алдыңғы екеуін ауыз аша білетіндердің бәрі-ақ айта салады: ал соңғы екеуі қас шебердің шарқ ұрып, ой шарлап барып, шаршап-шалдығып барып әзер табады... «Көзді шағып, құлақты тұндырады». Әсіресе, «Көзді шағу – әдемі табылған образ олжа». Тағы бір таңғажайып мысал мынау: «Атты кісінің омырауына шапшитын жауыз төбет». Жай ғана арсылдаған, шабаланған, шақар қабаған ит емес, бір іліккенді бөксеріп түсетін бүлік ит! Және мысал: – «Сол кезде Жанар (Қожаның жақсы көретін сыныптас қызы) шытына қарап: Қожа бөгет жасамашы, – дегені бар емес пе. Мәссаған керек болса. Мен оның аузынан осындай сөз естимін деп ойлап па едім. Төбемнен ыстық су құйып жібергендей жидіп түстім». Соңғы сөйлемнің әсерлілігін қараңыз.

«Тажал тапжылар емес. Ежелгі дағдысы бойынша біздің босағаны иіскеп, мелшиіпті де қалыпты». Тажал дегенге жаны бар жауыз екен деп ойлап қалмаңыз. Бұл – Қожаның жек көретін мотоциклы. Оның иесі Қаратай болса, Қожаның апасына қырындап, келгіштеп жүрген біреу...

Бердібек сыншыл ойларды орайын тауып орынды сыналап отырады, тағылымын бадырайтып, бақырып, айғайлап ұсынбайды. Бас кейіпкердің аузына автор салған мынау ғибраттың мәнін салмақтап көріңізші: «Бала десе бәрімізге тиеді, бізден өткен ақымақ жан жоқ қой. Кейде қайдағы бір залалды нәрсеге соның сол залалдығын біле тұра иттей әуес келеміз. Осы арада маған: Кәне, жұрсам жұтып көрейінші, не болар екен? деген ой келді.

Аузымды түтінге толтырып алып, жұтып кеп қалғаным сол екен, бір керемет улы газ өңешімді шеңгелдеп, ала кеп түсті. Тынысым бітеліп, қақалдым да қалдым».

Енді салыстыра байқаңыз: «Темекі тарпа, ол денсаулыққа зиян!», – деп қырық рет құрғақ уағыз соққан әсерлі ме, жоқ жазушының кейікері басынан кешірген жеркенішті, аянышты халді көрсеткені ұтымды ма? Осылай тағылым ұсынудың тәсілін табу – нағыз таланттылық.

Иә, «Менің атым – Қожа» бүгінге дейін біренеш ұрпақты тәрбиелеуге қызмет етті, әлі де талай ұрпақтың тамырына нәр берері сөзсіз.

Қадірін білгенге шындық – шырын, қадірін білмегенге ақиқат айдаһар. Айдаһар болып ысқырған ақиқат жолы ауыр. Шырын бола тұра шындық кермек татиды. Шыншыл шығарма өміршең, Бердібек Соқпақбаев шығармалары кеше шындық болып шырылдап сөйлесе, бүгін өмірдің өзі болып оқырманды баурайды.

«Менің атым – Қожа» повесі Марк Твен тәрізді әлемдік аты бар жазушылардың шығармаларымен теңдес. Қазақ топырағының шындығынан туындаған талантты шығарма. Повестің өн бойында мейір

қозғайтын, әдеп ұқтыратын және әдейілеп оңашаламай, оқиға барысында жымдастырып кететін тұстар көп. Мысалы: – «Әке» деген сөзді айтқанда жүрегім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық!» ,– деп тебіренеді Қожа. «Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен шығар», – деген Қожаның сырын оқығанда, қай баланың да есіне әкесі түсері сөзсіз. Жазушы әке қадірін өстіп әдемі әдіспен айтып өтеді.

...«Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу – көргенсіздіктің белісі»,– деп мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп:

–Сәлеметсіз бе? – дей салдым.

Үлкендердің үстіне бұйымтайсыз ет қызулықпен кіріп келгендіктен, енді амалсыз бірдеңе істеуім керек болды»

Осы үзіндіні оқыған бала да әдептілікті Қожамен бірге мойындауы, үлкен сыйлаудың халықтық дәстүр екендігін еске түсіреді.

Қожаның тентектігі тектен-тек емес, белгілі бір логиканы туындайды. Адам жанын түсіне, ұға білмейтін шолақ белсенділерге қаны қайнайды. Ол әділетсіздікке шыдамайды. Содан барып шиеленіс туады. «Колхоз малы– менің малым. Соның біреуіне мінейін де кетейін. Белсенділердің әрқайсысында бірнеше аттан бар»,– деп ой түйеді Қожа. Өз құқын біледі. «Әкем Қадыр осы колхоз құрылғаннан бастап, ұста болып істеді, мамам – сауыншы. Бир аттың бір күндіктерін пайдалануға менің неге қақым жоқ?». Бұл баланың іште жатқан қыжылын сыртқа шығаруы. Повесть соғыстан соңғы жылдардағы колхоздағы әлеуметтік жағдайды ашып көрсетеді.

Ақиқаттанда, Б.Соқпақбаевты еске алғанымызда Сервантес тағдыры, шығармалары ойымызға еріксіз оралады.

Бұл арада Сервантестің қатысы бар деген сұрақ та туылуы табиғи. Сервантес те қатардағы көп жазушының бірі еді. Ол да өлең жазған, роман,

драма да жазған. 1605 жылы ол кісі атақты «Дон Кихот» романының бірінші кітабын бітірді. Дон Кикот тарихи ұйқыда мүлгіп жатқан Испанияны дүр сілкіндірді. Қатар жүрген достары шошып оянды. Бір-бірімен айтысып жүрген өзі құралпы, ортан қолды жазушысымақтар бірігіп, Сервантесті қаралауға кірісті. Сервантесті түрмеге жаптырды. Қан жоса қылып, жанын, арын таптады. Жазушы 1615 жылы түрмеде жатып, романның екінші кітабын бастырды. Бірақ, қысым қайта басталып, соңы талантты жазушының өлімімен аяқталды. Сервантес өлді, құтылды деп ойлады іші тар, тоғышарлар. Бірақ, өлген Сервантес сүйікті оқырманымен қайта қауыша берді. Өлген Дон Кихот қайтып келе берді. Содан бері төрт ғасыр өтті.

Бердібек Соқпақбаев, негізінен балалар жазушысы. Көбіне-көп шығармаларына балалар өмірін арқау еткен. Егерде үлкендер өмірінен шығарма жаза қалса да, балғын оқырманға да түсінікті болсын дегендей, қарапайым тілмен жазылғанына куә боламыз. Көбіне үйірсектеп, айналып соғары бала кейіпкерлер: Қожа, Сұлтан, Аяжан, Гауһар, Мұрат ... тағы кім бәрі балалар. Осында не сыр бар? Бала – адалдық. «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» деген халқымыз. Бала жаны нәзік, жаны тез жараланады. Дүниеге бала көзімен қараған адам – ар көзімен қарайды. Адал жан, таза көзбен қараған адам – дүниенің былғанышын көп көреді. Бала шынын, тазалығын сақтаған қоғам ғана болашағын баянды ете алады. Бала аузымен айтылған шындық елеусіз көрінеді.

Бұдан түйер тағылым – Бердібек Соқпақбаев бала кейіпкерлерін үлкен тағдыр иесі деп қарады., бала кейіпкерге – қоғам бойындағы ауыртпалықты арқалата білді. Қаламгердің қай кейіпкеріне де бейтарап қарай алмайтын себебіміз де сондықтан болса керек.

Қарапайым оқырманды былай қойғанда, бүгінгі қалам ұстап, жазушы атанған Бекеңнен кейінгі ұрпақ Соқпақбаев соқпағынан жол бастап, Бекеңнің бешпентінен шыққанын жасырмайды. Өйткені, бүгінгі күні

Нарынқол топырағынан жаралып, Хантәңірі баурайынан қанаттанған Бердібек Соқпақбаев пен Мұқағали Мақатаев талантты тәрбиелейтін бір-бір мектепке айналып кеткені ақиқат.

Бердібек Соқпақбаевтың балалар үшін танымдық мәні шығармаларының бірі – «Жекпе-жек» хикаясы. Бұл өзі қазақ балалар әдебиетіне соны соқпақ, кең тыныс әкелген тың туынды болды. Өйткені, спорт ішінде бокс туралы алғашқы жазылған қарлығаш шығарма бұл. Ауыл спортының, әсіресе бокстың дамуына үлкен төңкеріс жасаған, құрыштай саңлақтарды дүркіреп шықуына соны серпіліс, ерекше серпін берген айтулы көркем дүние. Жасында әлжуаз болып өскенмен, үзбей шынығу, ұдайы жаттығудың нәтижесінде спорт шыңына жеткен Мұраттың образы арқылы жазушы арман жолында қиындықтан қашпау керектігін ұғындырады.

«Жекпе-жек» (алғашқы аты «Он алты жасар чемпион») атты повесі де балаларды намысқа, спортқа, патриоттыққа, жігерлілікке тәрбиелейтін шығарма. Сөзіміз дәлелді болу үшін үзінді келтірейік.

«...Париж.

Адам баласының тарихында бел болып, бедер болып қаларлық талай маңызды оқиғаларды бастан өткерген кәрі Парижде бұл күнде дүние жүзі спорт жанкүйерлерінің назарын аударған тағы бір дүрмек болып жатыр.

Елеулі дүрмек.

Ұлттық спорт сарайында студент боксшылардың халықаралық біріншілік жарысы өткізіліп жатыр. Жарыстың бүгін соңғы күні.

Дүние жүзі чемпионы деген атақты жеңіп алу үшін соңғы рет айқасып күш сынасатын осы он алты саңлақтың ішінде советтік үш боксшы бар. Олар мәскеулік ауыр салмақты Николаев, бакулық орта салмақты Алиоглы және Қазақстандық аса жеңід салмақты Мұрат Батырбаев еді.

...Дүние жүзінің спорттық газет-журналдарында бұл күнде Мұрат жайында дүркіретіп жазуда.

«Аса жеңіл салмақты боксшылардың ең кішісі он алты жасар боксшы Мұрат Батырбаев тері қолғаптың шын мәніндегі құдайы болып саналады».

«Енді оны финалдық жарысқа қатыстырмай-ақ чемпиондық жүлдені оған берсе де болады. Бәрібір Батырбеков жеңеді», □ деп жазды Англияны □ «Боксшы» газеті.

...У-шудан адам □□ла□ы т□нады. Қхмнх□ же□генх айтпаса да белгілі еді.

Рингтегі судья Мұраттың қолын көтерді. Ду қошемет асқақтап кетті. Мемлекеттік гимн ойналды. Оның қуатты үні залды кернеп кетті».

Міне, осындай көріністер оқушының сезіміне әсер етері сөзсіз. Спортқа деген әуесқойлықты ұштандыра түседі. Бүгінде бокстан атағы әлемге жайылған қазақ жастарының өнерін тамашалағанда осы Мұрат Батырбаев еске түсіп, жазушының көрегендігіне тәнті боласың.

«Қайдасың Гауһар?» повесінде ауыл баласы Жәнібек пен қала қызы Гауһардың алғашқы балауса махаббаты сөз болады. Бұл повестің оқиғасы қызғылықты болғанмен, ащы тағдыр. Екеуі де бір-бірін ұнатады. Бірақ, тағдыр оларды қоспайды, ажырасып тынады. Жігіттің өмірге, адам тағдырына жауапкершіліксіз қарауы бар. Өйткені оның білім дәрежесі, ой-өрісі, тәрбиесі мен мәдениеті жеткіліксіз еді дегенді мегзейді.

Адам өмірінде шатаспау үшін ақыл-ой, парасаттылық, терең білім қажет екенін аңғартады.

«Ергежейлілер еліне саяхат» хикаясы ширек ғасыр бұрын жазылған еңбек. Бірақ бүгінгі заманмен үндесіп жатыр. Дербестікте болуды мақсат етеді.

¹ Б.Соқпақбаев «Жекпе-жек». Алматы «Рауан» 1987 ж.

Ергежейлілер елінде бүкіл жазушыны бір орталыққа бағындыратын ұйым жоқ. Әр түрлі бағытта, әр түрлі сипатта көптеген газет-журналдар шығып тұрады. Ақын-жазушылар, міне, солардың төңірегіне топталады дейді. Жұрт ұнатып, талап алып жатса, ондай кітап үсті-үстіне шығарыла береді. Жұрт алмаса еселеп басылмайды (бүгінгі өмірге келіп тұр).

Ергежейлілер елінде, бірлі-жарым болмаса әйелдер жұмыс істемейді екен. «Бұл қалай?» деп таңырқап сұрағанымда:

«Әйелдер үй-ішіне қарайды, балаларын тәрбиелейді. Бұл аз жұмыс па?» – деген жауап естідім. Тағы бір мысал:

Президентпен әңгімесін алайық.

– Не шаруамен келіп едің? – деді.

– Келген шаруам бір оғаш шаруа, – дедім де айта бастадым. Оным Елдесер жайы. Бастан-аяқ түгел баяндадым. «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» дегендей, соңғы күндері Елдесердің елін ойлап аңсай беретінін, Отанына қайтуды арман ететінін, Қазақстан үкіметінен соған жәрдем тілейтінін айттым».

Елдесерді еліне қайтарады. Яғни, әркімнің өз туған жері – алтын бесік дегенді мегзеп отыр. Қазір біздің халқымыз осыны бастап кешіп отыр ғой.

Жалпы алғанда, Бердібек Соқпақбаевтың қай еңбегін алсақ та тілі шебер, өзіне тән стилі бар, өз айтар ойы, дербестігі және бар, тәрбиелік мәні зор шығармалар.

Осы шығармалардың әрқайсысы қазақ балалар әдебиетінің көкжиегін кеңіткен, тақырыптық, сонылық, идеялық, көркемдік жаңалық әкелген туындылар болды.

Бердібек Соқпақбаев шығармалары шуақты күлкіге шомылып, жылы юморға оранып тұратын құдіреті бар. Юмор жазушының баяндау мәнеріне жан бітіреді. Юмор – кейіпкерін тапқыр, қу, аңқау, аңғал, қожанасыр

дегендей телқабыс күй кештіреді. Кейде жазушы юморлық баяндауға ден қоя отырып, кейіпкері көңіліндегі күрсіністі де ұмытпайды. Мысалы көп бала кейіпкерлерінің іс-әрекетіне күліп отырып та, тағдырына жаның ашып, мұнданатын сәттерің болады. Демек, жазушы күлкісі – ойлы күлкі.

1958 жылы жазда балаларға арналған «Балдырған» журналы ашылып, редакторы Мұзафар Әлімбаев болып бекітіліп, проза бөлімі меңгерушісіне Бердібек Соқпабаев тағайындалады.

Журналдың сәтті шығып, балғын оқырмандарымен ай сайып қауышып тұруында аса дарынды жазушы Б.Соқпақбаевтың да сыбаға-үлесі болғаны сөзсіз.

Мектеп жасына жеткендер мен октябриялар журанлы жаңа ашылған тұста балдырғандар прозасы тәй-тәй басқан сәбидің қалпындай жағдайда болғаны жетелі зерттеушілердің бәріне аян.

Аты бүкіл халыққа танылған, әдеби беделі бар, таланты жазушы Б.Соқпақбаевтың балалардың жас прозашыларын тәрбиелеуге көп еңбек сіңіргенін тарих үшін айтуымыз әділдік болмақ. Мектеп жасына жетпейтіндер мен бастауыш сынып шәкірттері үшін шығармалар тудыруда алғаш талаптанған азаматтарға ағалық ақылын айтып, атап-атап тапсырмалар беріп, қалай қолдап-қуаттағаны, балғын таланттарды қалай баулығанын әріптестері сүйсіне еске түсіреді. Мәселен, бертін келе қазақ әдебиеті қайраткерлері қатарынан орын тепкен Нәсіредин Сералиев, Саид Баязитов, Сейдахмет Бердіқұлов, Жанат Дәуренбеков, Мырзабек Дүйсенов, Әзілхан Нұршайықов, Сәкен Жүнісов, Өтебай Қанахин, Мухаметжан Етекбаев, Қалмұхан Исабаев, Әлдихан Қалдыбаев, Мағзом Сүндетов және тағы басқалардың кішкентайларға арналған тырнақалды туындыларын өз қолынан өткізіп, журналға жариялаған – Бердібек Соқпақбаев. Осы фактінің өзі де көп нәрсені аңғарса керек.

Жалпы алғанда жазушы Б.Соқпақбаев бұйыртпамен шығарма жазуға құлықсыз болған. Дегенмен, «Балдырған» журналының проза бөлімін

менгеріп тұрғанда, редакция тапсырмасымен бірнеше тамаша туындыларды дүниеге әкелген. Оның «Аяжан» атты шағын хикаясында қалада туып-өскен қыз балақай ең алғаш рет ауыл-колхозға қыдырып барады... Өте қызғылықты жазылған, кілті табылған танымдық һәм тәлімдік мәні бар туынды. Сондай-ақ «Жол» деген шағын әңгімесі мен «Түнде кімдер ұйықтамайды?» атты сурет-кітапшасы да, «Балдырған» журналында жұмыс жасаған жылдары жазылған дүниелер. Әрине, заказбен шығарма жазуды ұнатпаса да, балалар әдебиеті тіленіп, қажетсініп тұрған тақырыптарға қалам тербеуі, жазушының осы басылымның мүддесін ескеріп-елегендіктен, балалар әдебиетіне деген құрметтен туған болса керек деп ойлаймыз.

III бөлім.

Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы

Қазақ прозасының соңғы жиырма жылдағы көркемдік деңгейінің өскендігін, реалистік қуатының күшейгендігін, бір сөзбен профессиональдық мәдениетінің артуын айтқан кезде тиянақ болар дәлелдің бірі – белгелі қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың шығармасы. Бұл қаламгердің, ең алдымен өмір шындығын пір тұтуы, көрген, сезген, бойына етене объектіні ғана туындысына арқау етуі, адам характерлерін даралап алуы, әсіресе бала, бозбала психологиясын жетік білуі, көркемдік құралды пайдаланудағы өзіне ғана тән ықшамдылық, жинақылықты ықтияттайтын шеберлігі оның шығармаларын басқа ұлт оқырмандарына да қымбат етіп отыр. Мұның дәлелі «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа».

Біреу тез жазады, біреу ұзақ жазады. Шығарма қуаты онымен өлшенбейтіні аян. Дегенмен асығыстың түбі – қашан да ақаулық. Б.Соқпақбаев шығармаларын ұзақ жазған жазушы, мысалы «Өлгендер қайтып келмейді» романын жазу үшін он-он бес жыл уақыт жұмсапты.

«Өлгендер қайтып келмейді романы» үш бөлімнен тұрады. Автор әрқайсысын бірінші дәптер, екінші дәптер, үшінші дәптер деп саралаған. Шығарманың композициясы жинақы, жұмыр. Әр дәптер өз ішінде шағын-шағын көріністерге бөлінген. Жалпы Б.Соқпақбаев стилине тән ықшамдылық, жинақылық сипаттарын бұл туындыдан да айқын аңғаруға болады.

Романда кейіпкерлер саны көп емес. Қат-қабат қалың тартысты оқиғалар да жоқ. Автор бір ауыл адамдарының тіршілігі, оның ішінде бір үйдің, тіпті бір адамның тағдыры арқылы сол ауыр кезеңдегі өмір шындығын танытуды мақсат еткен.

Дәстүр бойынша келер болсақ шығарманың негізгі басты қаһарманы – Еркін Мамырбаев дер едік. Онымен бірінші дәптерде 15-16 жасында танысамыз да, үшінші дәптердің соңында отызға шыққанда қоштасамыз. Барлық оқиға Еркін атынан баяндалады. Жақсылық, жамандық атаулыға Еркін көзімен баға беріледі. Дәлірек айтқанда, роман өзегі – Еркіннің бастан кешкендері, қаыптасып жетілу жолдары. «Өлгендер қайтып келмейді» – бозбалалық, жастық дәурені соғыс жылдарымен қабаттас болған ұрпақтың өмірі, тағдыры жайлы роман.

Алғашқы бөлімдегі Еркін қазақтың көп қарадомалақ ұлдарының бірі. Еті тірі, намысқой, пысық. Шеше баурында, аға аясында өсіп келе жатқан. Осы кезде соғыс оты лап етіп, ер-азаматты соғысқа ала бастайды. Еркіннің ағасы Сәрсебек енді ғана осылған келіншегінің көзін жаудыратып, әскерге аттанады. Сол күннен бастап үй-ішінің ауыртпалығы, жеңгесін жат көзден, пәле-жаладан сақтау Еркін мойнына түскен салмақ.

Соғыс деген майдан шебіндегі қиян-кескі ұрыс, өлім, өлтіру, окоп, бүкіл елдегі көп қарым—қатынастарды өзгерткен, неше түрлі қиыншылық, ауыртпалық тудырған алапат. Таршылық, ауыртпалық, тұрмыстағы жетіспеушілік үстіне сан-алуан психологиялық проблемалар, моральдық қиын түйінділер пайда болған.

Осындай өмірдегі күрделі процестер Еркін секілді бала, бозбаланың жас тірлігіне ай-шайға қартпастан, аяқ астынан килігеді. Бұл ұйпап-тұйпап келген соғыс жылдарының қаһарлы дауылы. Жазушы Қазақстан жағдайында жиі кездескен келеңсіз көріністің біразын Нұралы бейнесі арқылы шенейді. Жас жігіттер, ортан қолдай азаматтардың майданға кеткенін пайдаланып, жетім-жесірлерге көз алартқан, оп-оңай төсек жаңартып, дәулет жинаған, тіпті байып кеткендер болғаны өтірік еме. Романшы өмірлік материалды сұрыптай отырып, қызықты көркем образ жасаған.

Нұралының дегеніне көніп, айдауына жүрмейтін бетінен алып, беделін түсіретін Еркін секілді жігітті елден кетіріп, ФЗО-ға жіберуі, кейін осы екеуінің арасында ұзақ жылдарға созылатын тартыстың басы.

Бұрын ауыл ішінен алысқа шығып көрмеген Еркін үшін енді ауыр, шырғалаңды жолдар басталады. Табиғатынан адал, ақ, шыншыл жігіттің әртүрлі қиын жағдайларға тап болуы соғыс кесірінен, ауыр кезең зардабынан екендігін жазушы сенімді бейнелейді. Соғыс кезіндегі ауыл тұрмысының көптеген қою суреттері Еркіннің көзімен беріледі. Майдан үшін күн-түн демей жан аямай еңбек еткен жандардың ішінде Еркін де жүр.

Тағы да Нұралымен арадағы тартыс салдарынан Еркін жұмыстан шығып қалады.

Екінші дәптерде Еркін басынан бірқыдыру оқиғалар өтеді. Денсаулығына байланысты майданға жөнелтуге жарамаған Еркін, енді шалғайдағы Сарыбел ауылына барып мұғалім болады. Бұл жерде де тіршіліктің, соғыс кезіндегі ауыр өмірдің бірталай тәлімін алған.

Жас көңіл, балалық тазалықпен сүйген қызы Ғалиямен арадағы қатынас үзілгендей кезде, Еркін – Алтын қарым-қатынастары пайда болады. Кейбір сипаттары жөнінен қоймашы Сегізбай колхоз бастығы Нұралымен ұқсас. Екеуі де ауыр уақытта қара бастарының қамын ойлаған жандар. Екеуі де ретін, ебін тауып, төсек жаңартқандар. Сегізбайда айла, есеп молырақ. Еркін – Сегізбай – Алтын араларындағы қарым-қатынастарды бейнелегенде романшы реалистік дәлдік, психологиялық сенімділікті жақсы ескерген.

Дәмді тамақ, тәуір тұрмыс үшін шалға тие салған жас, сұлу, қызулы келіншек пен басы бос бойдақ. Сезімі бастықпаған жас жігіт драмасы – соғыс жылдарының драмасы болып суреттеледі.

«Өлгендер қайтып келмейді» романының сюжеті, негізінен Еркін Мамырбаевтың өмір жолының ізімен өрбіп отырады. Барлық әрекет Еркін

төңірегінде жүріп жатады. Бұл жайлар шығармаға тізбектеме – өмірбаяндық сипат берген.

Үнемі осылай болу кейбір кешшіліктерді тудырған, роман композициясында бірсарындылық пайда болған.

Студент Еркіннің өмірі – соғыстан кейінгі жылдардағы студенттер өмірі. Оқуға қабылдауда. Оқытуда, тұрмыс-тіршілікте күлкіли жайлар мол кездеседі. Адамды ойлантатын, еріксіз күрсіндіретін халдерді жазушы көз алдыңызға әкеледі.

Анау декан Даулетбаев, анау доцент Беделбаевтар, егер соғыс қолдың саласындай азаматтарды, білімді жігіттерді жалмап жұтып қоймаса, жастардың есіл-уақытын рәсуа етіп, ауыздарына келгенді айтып, бекерге тұра алмас еді ғой. Әсіресе Даулетбаев бейнесін романшы есте қалатын қанық бояулармен жасаған. Беталды лағып жөнелетін кездері, аяқ астынан білгішсінгені, студенттен ет дәметкені, өлең шығаруы – осының бәрі жадында сақталып қалады.

Жазушы пародия, гротеск, иронияны шебер пайдаланады. Астар, емеурін мол.

Елуінші жылдардағы мектеп тұрмысын романшы үшінші дәптерде жан-жақты суреттеген. Институт бітірген маман Еркін мен Зағипа Қазақстанның орталықтан шалғай аудандарының біріне мұғалімдік жұмысқа келген. Олар әртүрлі жағдайларға тап болады.

Автор негізгі оқиғаға қатысы жоқ жанама кейіпкерлердің бейнесін қызықты жасаған. Басқа жақтан келгендерді жақтырмайтын пойызда кездескен кемпір, ру сұрайтын мектеп директоры, ленинградтық Маша мен саша бұларды ұмытуыңыз қиын.

Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Еркін мен Зағипаға барғаннан көмектесе, Жақыбаев, Ілиясовтар ертең білімді адамдар орнымызды алып қояды деп қарсы тұрады.

Еркін мен Зағипаның ерлі-зайыпты өмірінің алғашқы қуаныш-күйініштері бар.

Тірліктен көп таяқ жеп, ерте есейген, өткен-кеткенге, ақ пен қараға ойлана қарайтын, ішіне таразыға салып, баға беретін қабілет табиғатынан әңгімеге, өлеңге құштар Еркіннің жазушылық өнеріне ден қоюы оқырман үшін сенімді нәрсе.

Үшінші бөлімнің бірталай беттері Еркіннің шығармашылық барлау кезеңіне, әдеби орталықтағы алғашқы қадамдарына арналған. Редакцияның күнделікті жұмысына. Киностудия қызметіне байланысты дәл табылған детальдар қызықты суреттер, сәтті персонаждар баршылық.

Көркемдік заңдарын ескеріп жазған романда автор кейбір өмірде болған адамдардың аттарын өз қалпында алмай, өзгеріп бергені дұрыс болар еді. Еркіннің жазушылар ортасына түскен соң ішуі, бос жүруі тым көбейіп кетеді.

Авторлық баяндауда үнемі «ертең» деудің орнына «ертесі», «біреуі» деудің орнына «біреусі» деп қолданушылық бар. Біздің білуімізше әдеби норма – «ертең», «біреуі».

Б.Соқпақбаевтың ұзақ уақыт соңына түсіп, көп еңбек етудің арқасында туған «Өлгенде қайтып келмейді» романы, 40-жылдардағы қазақ өмірін реалистікпен бейнелейтін маңызды шығарма, келелі келісімді тапқан туынды. Жазушы қиындық, ауыртпалықты жеңіп, тіршіліктің кең жолына түскен жағымды қаһарман бейнесін жасаған.

Қызықты образдары бар, тілі шебер, стилі сұлу жаңа романымен Б.Соқпақбаев қабырғалы қаламгер екендігін көрсетті. Оның қаламынан туған көп қырлы, көп сырлы «Өлгендер қайтып келмейді» романы қазақ әдебиетінің көркем қосынына қосылған елеулі еңбек екеніне көз жеткізе түседі.

Шығарманың жалпы айтар ойы жазушының өзі жасаған ортаның енді қайтып қайталанбайтынын паш еткендей. Шығарманың құндылығы

«Адамға табын жер ендінің» керін кешпейді. Бірақ өткен жандар өз ұрпағының алдынан өшпейді деген қағиданы өрістетіп алған. Былай карағанда «Өлгендердің қайтып келмейтінін» елдің бәрі біледі. Жәй карапайы ғана сөз. Мұнда өлгендерге қайта тіріл деп жатқан жазушы жоқ. Немесе, көктеп тосын бір оқиғаларды әкеліп, сенің басыңды қатырып жатқан да ештеңе жоқ.. Бар болғаны жазушы жасаған ортаның өзіндік көрік пәлсапасы, өзіндік өрнегі, тірлігі және сол ортаны өз қалпында суреттей алатын тілі мен сезімі ғана. Сонымен жазушы өз халқының бүкіл тарихы болмағанмен, өзі жасаған дәуірдегі болмыс жаратылысын әдемі баяндап береді. Және ол тірілікке сол тұстағы заманның жағымсыз жағын карапайым ғана күлкіге іліктіріп және оны ащы әзілдің астарын беретін сипама сөзбен сілесін қатырып отыратындығы ғажап. Сөзіміз дәлелді болу үшін, бұған бірнеше мысалдар келтіруге болады. Жазушы: «Апамның сандығының бір бұрышы толған дәрі-дәрмек. Кейбірі қағазға оралған, кейбірі шүберекке түйілген, кейбірі былайынша тастай салынған. Бір жері ауырса, содан көңілі түскен біреуін алып, ішін жатады. Кейде тәуір болып жазылады, кейде бұрынғысынан бетер ауырып қалады». Міне жазушы аңғарған аңқау анасының, қала берді бүкіл халқының бұрынғы кейуаналық мінез-құлқы. Немесе тағы бір мысал келтірейік: «Нұрәлі Сәрсенбекті мойнынан қапсыра құшақтап алып, ілемейлеп сүйіп жатыр.

Еркек пен еркектің сүйісуін сөлекет көрген Балжан құдағи : «Кім білген, бажа деген немелер күшік тәрізді болады екен ғой» ,– деп мысқылдап күліп алды». Дәл осы жерде үш бірдей адамның және заманның жаялық беті көрініп тұрған жоқ па. Немесе: «Нұрәлі қара күреңденіп, тырсиып жаман қатты семіріпті. Кішкентай жыртық көздерін май басып, қарын дегенің сабадай болып кеткен. Адамның аяғы да семіреді екен. Нұрәлінің балтырлары шелектей бопты. Хром етіктің қонышын кернеп, енді-енді жарып жібергелі тұр». Бұл соғыс кезінде ауылда қалып, бастық болған жанның көрінісі. Қандай тамаша берілген.

«1967 жылы Бекеңнің «Өлгендер қайтып келмейді» романы басылып шықты... Кітапқа мұндай ат қойғаны несі екен? деп таңданысқандарын естіп жүргенмін.

Бірде Бекеңе кездесіп қалып, әңгімелесіп отырғанда:

– Беке, жаңа кітабыңызға «Өлгендер қайтып келмейді» деп ат қоюыңыздың мәнісін түсіндіріңізші, –деп өтіндім. Үлкен кітапта айтылған ұлан-ғайыр ойды жинақтағандай Бекең біраз үнсіз отырды да, пікірін түйіп айтты.

– Менің кейіпкерлерім әдеттегі өз ажалымен өліп жататын жандар емес, арпалыстың адамдары. Елін, жерін басқыншы жаудан қорғау үшін отқа түсіп, кеуделерін оққа тосқан, жан пидаға барған жандар. Көбі қан майданда қаза тапты. Мақсат мұраты отанды қорғау еді, сол мұраттарына жанын қиып жетті. Құдай бетін әрі қылсын, енді сондай күн туа қалса көретініміз не болады? Біздің бүгінгі ұрпағымыз Отанын, ата мекенін сол ерлерше қасқайып қорғай алама? Елін, жерін жанындай сүйіп өлген ерлер қайтып келмейді. Дүниеде әлі де қауіп көп қой, сондай жан пидалыққа дайын бол дегенім ғой ұрпаққа» [Қ.Толыбаев. «Бердібектің қазаны»127 бет]

«Өлгендер қайтып келмейді» романындағы балаң жігіттің басынан не өтпейді. Өрге де шығады, құлдырап шыңырауға да түседі. Азамат болып қатарға қосылу қандай қиын. Жолбасшы болар, ақыл айтар ағалары майданда, ал шешесі мен жеңгесі болса еркек кіндік қой деп мұны тірек көреді. Ақыл тоқтатпаған албырт жігіт ылғи жаңсақ басып, небір пәле-жалаға ұшырайды. ФЗО-ға барып, одан қашамын деп түрмеге түседі, аштықты да, жалаңаштықты да, қайыршылықты да көреді, бірақ сағы сынбайды, тек алға ұмтылады, адам болуды ойлайды, адал болуды, басын кессе де шыншыл болуды мұрат тұтады. Ал, шыншыл болу қиынның-қиыны екен. Аттаған сайын аяғыңнан шалып қалып сүріндіреді. Тіпті ер

жетіп, институт бітіріп, мектепте ұстаздық қызмет атқарып жүріп те, шындыққа жете алмай сүрінеді.

Бұл романда жастық шағын соғыс өрті шарпыған, әкесіз, ағасыз өскен ұрпақтың өсіп жетілуі, саналы азамат санатына қосылу тарихы деуге болады. Алыстағы ауылда туып-өскен қазақтың қара домалақ баласының бірі басын тауға да, тасқа да соғып жүріп алған тағылымы мол өмірдің, сол өмір арқылы жүздеген өмірдің, жүздеген өмір арқылы халқымыздың ширек ғасырлық өмір жолы суреттеледі. Халқымыздың басынан өткен небір зобалаңдар: қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, ңысы мен жазы, тоқшылығы мен жоқшылығы – бәрі-бәрі қаз-қалпында көз алдымызға келеді.

Жазушы қаламы сол өмірдің қас-қағым сәтін қалт жібермей ащысын-ащыдай, тәттісін-тәттідей дәл береді. «Өлгендер қайтып келмейді» деп күрсіне отырып, оларды қайтып өлместей етіп тірілтіп алады.

¹ Қ.Толыбаев. «Бердібектің қазаны». «Жұлдыз» журналы. 1987 ж

IV. Қорытынды

Суреткер атаулының жүрегінде жұртыма айтсам деген үлкен бір сөзі болады. Сол сырын ол ақ қағаз бетіне түсіргенше ол күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан безуге бар, пенделік басқа қызықтардан да кешеді. Қалайда өз қалауымен мойнына алған әлгі әлеуметтік борышыннан құтылуы керек. Онысы әзірге ойын баққан балаға арнала ма – бәрібір. Егер оның жылдар бойы сарқылып отырып жазғаны шын мәніндегі сөз болып шықса, онда балаға бағыштағаны ағаның да құлағына жағады немесе ағаға айттым дегені баланың да көкейіне қонады. Әрине, мұндай мұратқа арғы-бергі қаламгерлердің бәрі бірдей жетпегені және белгілі.

Б.Соқпақбаев жас пен кәріге бірдей ортақ суреткерлік сөзін әлдеқашан айтып берген жазушы екенін біліп отырмыз. Шектеулі ғана адам ғұмырының ең қызықты кезеңі – балалық шақты шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейтін оның повестері мен әңгімелерін жас та, қарт та, қазақ та орыс та құмарта оқығанын бүгінгі бітіру мамандық жұмысымызда мейлінше ашып көрсетуге әрекет жасадық деп ойлаймыз.

Жазушы қаламынан шыққан дүниелерді үстіріт шолып шыққанның өзінде оның шығармашылық қорының құндылығы неделігін аңғарасың. Өмір бойы жазуына жетерлік материал мен қорды балалық, жастық шағынан алғандығын өзі де мойындайды. Оқиғаны жіп ескендей еркін өруі, характер ашудағы жорғалығы, сөз қолданудағы талғампаздығы, көңілден шығып отыратын шыншылдығы шығарманың өмірдің өзінен ойып алғандығын көрсетеді.

Уақыт, оқиға, адам қысыр қиялдан тумаған жағдайда, басқасы автордың шеберлігіне байланысты шешіледі. Әсіресе кішкене оқырманға жазғанда «...егер ақын болмасаң, кеінде айтулы әңгімешіл болуың шарт», – дейді В.Г.Белинский. Сөз орай келгенде соны айтып кетуіміз керек,

Бердібек ағамызда ұлы сыншы талап еткен қасиеттердің екеуін де көріп отырмыз.

Жазушы өз шығармаларында фактілерді сұраптап алуға, ана тіліміздің сөздік қорын пайдалануға өмірдің ащы шындығын батылырақ ашуға ұмтылыушылығы үлгі, өнеге боларлық қасиеті десек орынсыз болмас. Көркемдік компоненттерді байыту нәтижесінде сол таныс ортадағы ауыл адамдарының соғыс жылдарындағы қаһармандығы, басқа түскен қасіретті көп болып көтеруі, ұрпақтардың бірлігі жан толқытар дәрежеде әңгімеленгендігін ашып көрсетуге тырыстық.

Әрине Б.Соқпақбаев шығармалары әлі жүйелі зерттелді деп айта алмаймыз, оның әрбір шығармасы өз алдына терең талдауды қажет етіп тұрғандығын байқадық.

Бердібек Соқпақбаев - Кеңес үкіметінің «қылышынан қаны тамып тұрған» кездің өзінде тек өз жүрек қалауымен оқырмандарына жалғандықтан қашып шынайы шындықты жеткізе білген жазушыларымыздың бірегейі. Балалар өмірін шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейтін хикаялары мен әңгімелерін жас та, қарт та, қазақ та, басқа да құмарта, қызыға оқиды десек еш артық айтқандық емес. Бердібек Соқпақбаев кейіпкерлерін қолдан жасамаған. Оның кейіпкерлері - өзі. Жазушы шығармаларын бірінші жақтан жазады. Яғни, шығарманы бас кейіпкері әңгімелеп отырады.

Біз талдап отырған шығармалар жайында да кезінде ала-құла пікірлер айтылған, автор солардың ұрымтал дегендерін ілтипатқа алып, бірсыпыра жетілдіру жұмыстарын жүргізген. Ал, ұлттық әдебиетіміздегі қазіргі салмағы қандай, алар орны қай жерде, прозамыздың фонындағы көрінісі көңіл тойдыра ма деген сұрақтарға жауап беру келешектің ісі.

Соқпақбаев жалған жазуға жоқ, өз жүрегін тебіріретпеген тақырыпқа қалам тартып көрмеген сырбаз жазушы. Кейіпкерінің ойда жоқта қалай үйленгенін, Буырыл аттың жануарға тән тағдырын, Гауһарға деген ыстық

махаббаты драмалық, трагедиялық немесе лирикалық, элегиялық ыңғайда жазсын оқырманын қапысыз сендіреді. Осыларда баяндалатын оқиғалардың қақ ортасында автордың өзі тікелей араласып жүргеніне еш күманың қалмайды.

Қазақтың көркем сөз шеберлерінің бірі – Бердібек Соқпақбаев ағамыз шын жаратылысын, құпия сырын ішіне көмген жұмбақ адам, жұмбақ жазушы болып қалғандай әсер алатының бар. Біздің байқауымызша: ол кісі жалғыздыққа бой алдырған ішкі сырын сыртқа шығара бермейтін, жәй бір уайымшыл пенде емес, құсалық «дертке» ұшыраған құпия, жеке-дара өмір сүрген абыз-дәруішке ұқсайды. Бәлкім, біздің пікіріміз ұшқарылау да шығар, бірақ шығармаларының өн-бойынан осындай сырды аңғарғандай болдық.

Әрине, Бердібек Соқпақбаевты іш тартып, жақсы көретін аға-інілері, замандастары жеткілікті болған көрінеді, ал өзінің жақын тұтатын шын достары болды ма екен деген сұрақ көкейімізді тұрып қалған сияктанады.

Дарынды жазушы өмір құбылыстарын – жақсы-жаманды, ақ пен қараны бала көзімен көру, бала түйсігімен түйіндеуден туындайды. Содан кейін баланы зеріктіретін суреттемпаздықдықты, тәптіштеп ұсақ-түйек татымсыздықты тасыта берушіліктен аулақ болдым. Бала ойына сәйкес шығармалар жазуға тырысамын»? деп жауап берген. Иә, Бердібек Соқпақбаев шыншылдығы мен қарапайымдылығының сыры сонда болса керек. Б.Соқпақбаев ең алдымен қысқа да нұсқа жазудың шебері. Ол қарапайым тілмен баяндап отырып-ақ, кейіпкерлерінің мінез-құлқын, болмыс-бітімін есте қаларлық бірер штрих, детальмен шебер де дәл ашып беретін суреткер. Оның кез-келген шығармасын ешкімге ұқсамайтын өзіне тән стильдік өрнек бірден байқалып тұрады.

Б.Соқпақбаев өзінің азды-көпті шығармаларының бәрің қырық жасқа келгенше жазып бітіріпті. Өмірінің кейінгі жиырма сегіз жылында, шығарма адамының күш-қайраты әбден төселіп, байи түсетін өңімді

шағында бірде-бір елеулі дүние жазбауы да түсініксіз, жұмбақ құбылыс екенін түсініп, бітіру мамандық жұмысында біраз тереңнен толғанып, оның шешімін азды-көп тапқандай болдық.

– Мен газет оқымаймын, Кітап қарауға да құлқым жоқ, - деген сөзін замандастары жиі еске алысады. Газет оқымайтын, кітап оқымайтын жазушы болады дегенге тіпті сену қиын. Оның үстіне Бердібек Соқпақбаев сияқты ерен таланттың бұлай болуы әбден мүмкін емместей. Жоғарыдағыдай сөздері – оның өтірікші газеттерді, сапасыз газеттерді өзінше әшкерелеген түрі болса керек.

Жалпы біз білетін Соқпақбаев өтірік атаулыға жаны қас, қиянар атаулыға –шыдамсыз, нағыз максималист адам болған. Бірақ, әсте күрескер емес. Күрескер емес дейтініміз: сол тұста жиындарда, әрқилы айтыстарда Бердібек Соқпақбаевтың бір рет мінбеген көтеріліп, өзінің таза тахуалық идеяларын қорғап сөйлеуге әрекет жасамаған, немесе жазып түсіндірмеген. Өзіне жағылған сонша қаралаулар мен жаланы үнсіз қабылдап, жауапсыз қалдырып отырған. Бәлкім, бұл да – позиция, өзіндік көзқарас, мінез шығар. Бірақ былайғы көпшілікке жұмбақ көрінетін қылық болғаны рас нәрсе.

Анда-санда Жазушылар одағына келіп-кеткені болмаса, өмірінің соңғы жылдарын Кеңсайдағы саяжайында өткізген көрінеді. «Ештеңе жазбай кеттіңіз?» деп сұрағандарға: «Өтірік айтуға арым бармайды. Ал шындықты айтсаң, ешкім ешжерде баспайды. Егер жазар болсам Кеңес өкіметінің құрылуын адамзат тарихының үлкен қатесі» ретінде көрсетер едім», – дейді екен.

Әрине, ол уақыттары мұндай сөз айту түгел, жүрек шімірікпей тыңдаудың өзі оңай болмағаны белгілі. Үйреніп қалған әдетке бағып, Кеңес өкіметінің жақсылықтарын тізіп айта бастағандарға, Бекең шамданып қалатынын замандастары бүгінде айтып, оның өжеттігіне, өрлігіне, көрегендігіне таңданысады.

Б.Соқпақбаевтың сөзінің ақиқатқа жақын екенін уақыт өзі дәлелдеді. Оқа тағып, шекпен киген талай шығармалар уақыт сынына шыдай алмай, ескіріп қалды. Бірнеше рет Мемлекеттік сыйлық алған жазушыларды кім біледі. Олардың қалың мұқабалы жып-жылтыр кірпіш кітаптарын көргенде жүректі жиіркеніш билейді.

Ал, Б.Соқпақбаев сияқты таланттардың қалың оқырманның ықыласына бөленген шығармаларына мінезі мен мазмұны өзгеріп отыратын уақыт кедергі емес.

Қас таланттардың өз бағасын көзі тіріде емес, бақилық болған соң алатыны өкінішті. Б.Соқпақбаев та өзі туралы әділ бағаны жамбасы жерге тиген күні естіді. Барлығы оның жанының шығуын күтіп жүргендей. Мемлекеттік басшылар қол қойған қазанамада «Бердібек Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетінің классигі», – деп жазылады. Қалың оқырманда, күні кешеге дейін түсінісе алмай тістесіп жүрген қаламдастары да осы пікірде болды.

Осындай марапат сөзді көзі тірісінде естісе: «Мен кітапты классик болу үшін жазғаным жоқ. Шығармаларым халыққа кішкентай ғана пайда берсе, мен перзенттік парызымнан құтылар едім», –деп сөзсіз кішпейілдік танытқан болар еді.

Ол өте қарапайым, әрі талғампаз, ас та төк мырзалыққа да қаны қас, еңбекпен келген байлықтың бағасын білетін жан болған.

«Мынау ұшы-қиыры жоқ дала, ұшан-теңіз байлық қазақтың сорына біткен ғой. Соның салдарынан қазақ жалқау болып алды», -деп күйінеді екен. Бекеңнің көзқарасы, танымы қалыптасқан заңдылықтарға бағынбай кеткендігіне куә болып отырмыз.

Сөзіміздің соңында белгілі ақын Бейсебай Кірісбайұлының жыр жолдарынан үзінді келтіре кетуді мақұл көрдік:

Бала шақты кестелеген тілі нық,
Бар болса егер – осы болар ірілік:

Ұландар отызыншы жылдардың

Қайта келер көз алдыңа тіріліп.

«Бастан кешкен» шындық шымыр өкшелеп.

Кітап болып бізге жетті, естелік.

«Чемпионнан» Бекең өзі бастаған,

Талай мықты жаты құлап сескеніп...

Аспантаудан ақ бұлыттар атқылап,

Экраннан – туған өлке, бақ, қырат...

Қолын бұлғап Жанар, Жантас, Сұлтанға,

Келеді әне Қара қожа шапқылап!

Кейіпкермен бірге тұрып, жүресің,

Бірге жасап, бірге жылап күлесің.

«Сөз қадірін білген шебер екен!» – деп,

Өз қадірін Бекеңнің де білесің.

Ту етіпті тектілікті бұл ағай,

Пір еткені қара шалың – ұлы Абай!

Тік қалпында мәңгі жасай береді,

Бәйтерегі Берді ағаның құламай!

Қорыта айтқанда Б.Соқпақбаев туындылары електен өткен дүниедей болып мөлдіреп тұрып, әлі талай ұрпақты сусындатары сөзсіз. Оның шығармаларының оқырман жүрегіне қона кететін, ұзақ жасайтын қасиет –қадірі ешқашан толастамақ емес. Бердібек туындыларындағы қаһармандары өмірдегі бар қалпында көрініп, шығармаға ширатылған сәтте де оншалықты киіндірілмей, жалаңаш жүрген жандар тәрізді боп көзге түсетіні ақиқат құбылыс.

Бердібек сыншыл ойларды орайын тауып орынды сыналап отырады, тағылымын бадырайтып, бақырып, айғайлап ұсынбайды. Бас кейіпкердің аузына автор салған мынау ғибраттың мәнін салмақтап көріңізші: «Бала

десе бәрімізге тиеді, бізден өткен ақымақ жан жоқ қой. Кейде қайдағы бір залалды нәрсеге соның сол залалдығын біле тұра иттей әуес келеміз.

Бұл жазушының кемшілігіне, қарадүрсінділігіне жатпайтынын дәлелдеуге ұмтылды. Сезінуі, дүние қызықтарын түйсініп, қабылдауының қыры бұл.

Осы тұрғыда, табиғи өлшеммен түзілген кейіпкерлер галереясы барынша сенімді, барынша шыншыл сымбатымен оқырман жүргенінен жол тауып, олармен қолтықтасып өмір базарында жүргендей болады.

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, тамаша жазушы Бердібек Соқпақбаев тірі болғанда сексенді қарсылаған болар еді. «Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді» демекші, балалардың сүйікті жазушысының артына қалған мұрасы талай ұрпақпен сүйсіне қауышатынына сенеміз.

¹ . Б.Соқпақбаев «Өтірік жазуға арым бармайды». «Ақ Желкен» журналы. 1987 ж

² Б.Кірісбайұлы. «Ту етіпті тектілікті бұл ағай». «Жұлдыз» журналы. 2004 ж

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Соқпақбаев. Таңдамалы шығармалары. I том, II том, III том. Алматы. Жазушы. 1989 ж.
2. М.Әлімбаев. «Берен талант-Бердібек». Жұлдыз. №3. 1984ж
3. Қ.Мырзалиев. «Б.Соқпақбаев шығармаларының мәні» Жұлдыз. №6. 1984ж
4. Т.Ахтанов. «Б.Соқпақбаев— балалар ақыны» Алматы. «Білім»2004
5. Қастек Баянбаев «Саясаттан сая іздемеген жазушы». Алматы. «Білім» баспасы 2005ж
6. Марат Қабанбай. Алматы. «Білім және еңбек» журналы.1994ж.
7. С.Мұратбеков «Шындықты ғана жазған» Алматы. «Білім» 2005ж
8. Самал Соқпақбаева «Әкем әзілқой кісі еді» Жинақ. 2005. «Білім»баспасы
9. Серік Қирабаев. «Жастықтың сағынышты күндері» Жинақ.2005
10. Б.Кірісбайұлы «Тектілікті ту етіпті бұл ағай» «Ақжелкен» журналы 2004ж
11. Р.Бердібаев. «Биік парыз» Жазушы-2003ж
12. Сайлаубек Жұмабек. «Халық тағдырының тамыршысы» Жұлдыз. №1. 2007 жыл.
13. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. III том. Астана-2007ж
14. С.Қирабаев. «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті». Алматы. Білім. 2003ж
15. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. Алматы, 1978.
16. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1992.
17. Жұмабеков С. Сын пернесі. Алматы, 1990.
18. Серғалиев М.Кең өріс. Алматы, 1983.

Мазмұны

Кіріспе.

Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу_____4

Негізгі бөлім.

I Б.Соқпақбаевтың ақындығы_____15

II Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған повестері_____23

III Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы__39

Қорытынды_____47

Пайдаланылған әдебиеттер_____54